



# Мерекелеріңізбен, ардақты арулар!

# 2

## Көрікті көктемнің көркем мерекесі



# 8

## Ұршықта шираған ұлт қазынасы



# Сыр бойы

№35-36 (21110-21111) 7 наурыз, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz](https://www.facebook.com/syrboyi.kz)

[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)

[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)

[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

/// ПРЕЗИДЕНТ

## ӘЙЕЛ ЖҮРЕГІ – ІЗГІЛІК МЕКЕНІ

Кеше Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты іс-шарада сөз сөйлеп, мемлекеттік марапаттарды табыстады. Президент көктемнің шырайлы мерекесі мейірім мен жылулықтың, даналық пен сұлулықтың нышаны екенін атап өтті.

– Әйел – тіршіліктің тірегі, берекенің бастауы. Бұл – ақиқат. «Бесікті де, әлемді де тербеткен» әйелдің жүрегі – ізгіліктің мекені. Сондықтан әйелдің қадірі – елдің қадірі деп айтсақ артық болмайды. Бүгін мен Ақорда төрінде Сіздерге және барша Қазақстан әйелдеріне зор ризашылығымды және алғысымды айтамын. Халқымыз қай заманда да анасын ардақтаған, қарындасына қорған болған, қыздарын сыйлап, төрін орын берген. Жұртымыз ең киелі құндылықтарға «Ана» сөзін қосып, «Отан Ана», «Жер Ана», «Ана тілі» деп көне заманнан бері айтып келеді. Бабаларымыз «Атадан – өсиет, анандан – қасиет» деген. Осы мағынасы терең дәстүр қазіргі құбылмалы, күрделі заманда міндетті түрде өз жалғасын табуы керек. Бұл мақсатты орындау – ұрпақтар алдындағы парызымыз. Өйткені ұлтымыздың болмысы, тілі мен ділі, салт-дәстүрі ұрпаққа ананың аялы алақанымен, тағлымды тәрбиесімен дариды, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы атап өткендей, төл тарихымызда ер азаматтармен бірге ерлік пен елдіктің туын биік ұстаған арулар көп болған. «Қыздың қырық жаны бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Рухы мықты қайсар қыздарымыз ұлт жылнамасында өшпес із қалдырған. Тұмар ханым, Айша бибі, Домалақ ана, Сүйінбике, Айғаным ханша мен Зере ананың есімдері ел жадында мәңгі қалады. Президент «Сіздер аса құрметті аналарымыз ең апаларымыз салған жолды лайықты жалғастырып келесіздер. Қыздарымыз ел игілігі жолында табысты еңбек етіп, Қазақстанның дамуына орасан зор үлес қосуды» деді бұл ретте.

– Қиындығы мен сын-қатері қатар жүретін аса жауапты қызметтерде жұмыс істейтін нәзікжандылар аз емес. Олар Отан алдындағы парызына адал болып, елімізге Заң мен тәртіптің орнығуына атсалысып жатыр. Әділ сот төрелігін жүзеге асырып жүрген судьялардың жартысынан көбі – әйелдер. Сондай-ақ Төтенше жағдайлар, Про-



куратура, Ішкі істер, Қорғаныс және арнаулы қызмет саласында 45 мыңнан астам әйел еңбек етуде.

Жақында Дубайда күшті құрылымдар мен арнайы жасақтардың SWAT Challenge жарысы өтті. Аса беделді халықаралық сайыста еліміздің «Томирис» құрамасы ешкімге дес бермей, қыздар арасында үздік атанды. Олар байрақты бәсекеде шыдамдылық пен шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл Әлия Молдағұлова және Мәншүк Мәметованың даңқты жолын үзбей келе жатқан нағыз батыр қыздарға тән қасиет екені сөзсіз. Сонымен қатар бүгін мен ғылымда, өнерде, спортта, денсаулық сақтау саласында, мемлекеттік қызметте, бизнесте және ел өмірінің басқа да маңызды салаларында табанды еңбек етіп жүрген әйелдердің көп екенін атап өткім келеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Кемелұлы осы ретте Марфуға Әжіғалиева жарты ғасырдан аса уақыт медицина саласында еңбек етіп жүргенін, 40 жыл бойы учаскелік терапевт болып, дәрігерлер әулетінің бастауында тұрғанын және бүгін ол еліміздің жоғары наградасы – «Отан» орденімен марапатталатынын, сондай-ақ, Жетісу облысында 50 жылдан бері

ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істеп келетін шаруа қожалығының жетекшісі Шакира Ыдырысованың жоғары өндірістік нәтижелерге қол жеткізіп, аудан мен облыс көлемінде абыройға ие болғаны үшін бірінші дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапаттау жөнінде шешім қабылдағанын айтты.

– Шахматтан әлемнің үш дүркін чемпионы Бибісара Асаубаева ел мерейін өсіріп, қазақты нағыз зияткер ұлт ретінде жер жүзіне танытып жүр. Әйгілі шахматшы II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Өкінішке қарай, ол Таяу Шығыста болып жатқан жағдайға байланысты бүгін шетелден Астанаға келе алмады.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы Парламент Сенаты төрағасының орынбасары, қаржы саласының тәжірибелі маманы Ольга Перепечинаға, Мәжіліс депутаттары Снежанна Ишанбаева мен Екатерина Смышляеваға берілді. Олар заң шығару қызметіндегі жемісті еңбектерімен осы құрметке жетіп отыр. Бұл жоғары атаққа көрнекті ғалым, мұнай-газ саласындағы өнертапқыш Мәнсия Бабашева да ие болды. Алматы қаласындағы №95 мектеп-лицейінің химия пәні мұғалімі

Татьяна Белоусоваға «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы берілді. Оның педагог ретіндегі еңбегі жуырда халықаралық деңгейде кеңінен мойындалды. Осы атаққа азаматтық ұстанымымен белгілі, әсіресе, білім беру саласындағы мәселелерді жиі көтеріп жүрген Мәжіліс депутаты Ирина Смирнова да лайық.

Өткен аптада ғана Кристина Шумекова конькимен жүгіруден жастар арасындағы бес дүркін Әлем чемпионы атанып, Қазақстанның абыройын асқақтатты. Бүгін оған «Парасат» ордені табысталды. «Парасат» орденімен белгілі жазушы, аудармашы, тіліміздің нағыз жанапшыры Камал Әлпейісова марапатталды. Арамызда отырған Мария Зейнелованың ерен еңбегін де атап өту қажет. Ардагер маман «Наурызым» қорығында 43 жыл жұмыс істеп, табиғатты қорғау ісіне зор үлес қосты. Ал Айсулу Шуақбаева 40 жылдан астам мұнай өндіру саласында қажырлы еңбек етіп, ел игілігін арттыруға атсалысып келеді. Өз міндетін мінсіз атқарып жүрген мамандар «Құрмет» орденімен марапатталды.

Осы залда қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері де бар. Олар білімді, ойы

ұшқыр, шығармашыл және отаншыл ұрпақ тәрбиелеуге мол үлес қосып жүр. Осыған орай, тәжірибелі педагог Жанна Левковичке «Құрмет» ордені, ал жас мұғалім Мария Суринаға «Шпапаға» медалі табысталды.

Тікұшақ пилоты Акерке Шопатаеваның еңбегі аса маңызды десек қате болмайды. Ол талай мәрте орман өртін сөндіруге және басқа да құтқару жұмыстарына қатысып, кәсіби тұрғыдан білікті маман ретінде қажырлы қызмет етуде. Бүгін оған «Ерен еңбегі үшін» медалі берілді.

Бұдан бөлек, Жапониядан келген белгілі өнерпаз Сузуки Канон да осы салтанатты іс-шараға арнайы шақырылды. Сузуки ханым Қазақстанда балет өнерін дамытуға белсене атсалысуда. Сондықтан оны «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Отанымыздың көркейіп, гүлденуіне зор еңбек сіңіріп жүрген мұндай аруларды ел мақтан тұтады, жас бұрыңға үлгі етеді. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің терең әрі жан-жақты мағынасы бар. Қазақ әйелдері шаңырақтың ырыс-берекесін арттырып, өнегелі ұрпақ өсіріп отыр. Отбасындағы қасиетті миссиясы мен Отан алдындағы қастерлі міндетін қатар атқарып жүр. Президент мұны елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі және үлкен еңбектің арқасы деп санайтынын, әр отбасында тұрақтылық, береке-бірлік пен ырыс-несібе болса, Отанымыз да өсіп-өркендейтінін атап өтті.

– Әйел – ұлттың жан-дүниесі десек, артық айтқандық емес. Олар – шабыттың қайнар бұлағы, шығармашылық мұзасы, әлемдік аталоны. Әлемдегі сұлулықтың бәрі әйел бейнесімен астасады.

Еліміздің дамуында әйелдер қауымының ролі орасан зор. Кез келген жұмыста, мектепте, университетте, кәсіпорында, медициналық мекемеде, әскери бөлімде және басқа ортада болсын, әдетте әйелдер айрықша еңбексүйгіштігімен, асқан жауапкершілігімен үлгі көрсетеді. Қыз-келіншектердің ынтасы жоғары, мұқият, жинақы, сондықтан оларға көбірек сенім артады. Әдетте «нәзік жанды» деп атаймыз, бірақ шын мәнінде, олар қиын сәттерде ерік-жігері мұқалмай, табанды мінезмен төзімділігі, шешімталдығы арқасында ерлікке парапар іс атқарады.

2-бет

/// САЛТАНАТТЫ ШАРА

## КӨКТЕМ ЛЕБІ ЕСКЕНДЕ...



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Өнер орталығында» 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана – әлемнің бесігі» атты салтанатты шара өтті. Аймақ басшысы аналар мен қыз-келіншектерді көктемнің көркем мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы «Әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі ролі орасан зор. Қыз-келіншектер өндірісте, шығармашылық жолында, саясат, бизнес және басқа да көптеген салада биік белестерді бағындырып келеді», – деген болатын.

Тәуелсіз Қазақстанның толағай табыстары мен Сыр өңірінің бүгінгі жетістіктерінің барлығында әйелдер қауымының өз қолтаңбалары бар.

Аналарымыздың рухынан күш, ұлағатынан тәлім алған аруларымыз бүгінде экономикамыздың барлық

саласында табысты еңбек етеді.

Облыс бойынша мемлекеттік қызметшілердің 45 пайызы, медицина қызметкерлерінің 88 пайызы, ұлағатты ұстаздардың 78 пайызы, жалпы бюджеттік саланың 62 пайызы, шағын және орта бизнесте еңбек ететіндердің 55 пайызы – қыз-келіншектер.

Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне қосқан елеулі еңбектеріңіз үшін Сіздерге барша Сыр жұртышылығының атынан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін. Біз, ер-азаматтар Сіздерді жоғары бағалаймыз, құрметтеп, қадірлейміз. Нәзік

жандарға деген біздің ықыласымыз, ниет-тілегіміз әрдайым ерекше.

Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеген ардақты аналарымыз ел ертеңіне нәр, тіршілікке әр беріп келеді. Алдағы уақытта да ұлттымыздың баянды болашағы жолында аянбай еңбек ете беру-леріңізге тілектеспін! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты шарада шуақты мереке қарсаңында Мемлекет басшысының Жарлығымен «Парасат», «Құрмет» ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған қызылордалық әйел-аналарға марапаттары табысталды. Сонымен қатар, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісі, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты мереке иелерінің мерейін асырды. Айта кетейік, Ақордада өткен қабылдауда «Quzylorda» телеарнасының бас редакторы Айнұр Нұрланқызы Тұңғышбаева «Ерен еңбегі үшін» медалін Мемлекет басшысының қолынан алды.

Бұл – Сыр өңіріндегі іскер әйелдер қауымының адал еңбегіне берілген лайықты баға. Аймақта 48 мыңнан астам көпбалалы отбасы болса, оның 17 мыңға жуығы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иегерлері. Алтын құрсақты аналар демографиялық ахуалды жақсартуға зор үлес қосып келеді. Өңірде отбасы институтын дамыту және аналарды әлеуметтік қолдау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен «Анаға тағзым» орталығы салынған. Орталықта екі жылдың ішінде 40 мыңға жуық ана мен қыз-келіншекке қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, кейінгі жылдары бой көтерген «Отбасы орталығында» болашақта шаңырақ көтеретін жастар мен жас отбасыларға психологиялық және құқықтық кеңестер беріліп, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Облыстағы барлық 7 ауданда заманауи үлгідегі «Руханият» орталықтары салынып, пайдалануға берілді. Аталған орталықтарда музей мен кітапхана жұмыс істейді.

Айта кету керек, өңірде соңғы екі жыл қатарынан «Анаға тағзым» республикалық форумы өткізіліп келеді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ШТАБ ОТЫРЫСЫ

## ЫҚТИМАЛ ЖАҒДАЙҒА ӘЗІРЛІК ПЫСЫҚТАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өңірлердің 2026 жылғы су тасқыны кезеңіне дайындығы талқыланған республикалық штаб отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 200 текше метр су жіберіледі. Оның 50 текше метрі «Кексарай» су реттегіші арқылы алынып, аймаққа секундына 179 текше метр су түседі.

Ақпанның 13-нен бері Сырдария өзенінде мұз жүрді. Бүгінде ықтимал су тасқынының алдын алудың кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп қолға алынған. Су басу қаупі бар аймақтарға арнайы техникасы мен күш-құралдары бар жауапты мекемелер бекітілді. Су тасқынына қарсы материалдық-техникалық қор жеткілікті, қажет жағдайда халықты көшіру пункттері дайын.

Жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар және су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілікте. «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісімшартқа сәйкес 1 тікұшақ дайын. Мұз жауға арнайы мамандандырылған мекемемен келісімшарт жасалды.

Өткен жылы 199,1 млн теңге қаржыға 11 нысанның қорғаныс бөгеттері жөнделіп, қалпына келтірілді. Бұдан бөлек, бюджеттен тыс қолдар есебінен 1 нысанға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Валюта бағамы \$ 493,85 kzt

€ 571,78 kzt

₸ 6,25 kzt

Ауа райы: Сенбі ☀️ +11° 🌙 0°

Жексенбі ☀️ +11° 🌙 +3°



...Күдай әйелді жаратқанда оның бітім-болмысын тек алтыншы күні бітірген дейді. Қасынан өтіп бара жатқан періште одан бұл пендені неге сонша ұзақ жасағанын сұрайды. Сонда Хақ тағала әйел табиғатын барынша мықты, ерекше сезімтал әрі мейірімді етіп жаратқанын айтқан екен.

Шынында әйел заты, оның ішінде дүниеге ұрпақ әкелген ана тіршіліктің сан алуан тайталасында тастүйін бекініп, сыртқа сыр бермей, жолынан кездескен қандай қиындықты да жеңіп шығады. Осынша нәзік жаратылысымен-ақ таудай тосқауылдарға қарсы тұра алады. Сөйтіп балаларына бойындағы бар жылуын беріп, махаббатына бөлеп өсіреді.

Жүзінен шуақ төгіліп тұратын Қантүл апамыз да – осындай болмысы бөлек, мінезі ерек, аяулы ананың бірі. Бүгінде 77 жасқа шығып отырған анамыз Жалағаш ауданына қарасты «Таң» ауылының байырғы тұрғыны.

Иә, байырғы деп отырғанымыз, ол кісі 1949 жылы, яғни соғыстан кейін осы ауылда өмірге келді. Сондықтан балалық шағы аса қызықты болмағаны белгілі. Ертерек есейді, еңбекке де араласты.

## ЕҢБЕК ЕРІНІҢ АНАСЫ

Ата-анасы қарапайым шаруа еді. Ертелі-кеш колхоздың жұмысында жүретін. Ал үйдің шаруасын шамасы келгенше балалар атқаратын. Анасының күнделікті тіршілігін көріп, қолғабыс етіп өскен Қантүл апамыз кішкентайынан үй шаруасын үйіріп әкетті.

Ауыл мектебінен 1957-1965 жылдар аралығында білім алып, бітірген соң комсомол жастар бригадасында еңбек жолын бастады. Иә, жастар бригадасының жұмысы қым-қуыт, аудан басшылығы қайда жұмсаса, сол жерден табылатын. Ауыл шаруашылығының әр са-

ласы, құрылыс, мәдени-ағарту бағыты болсын, бәрінде белсенді еңбек ететін.

Осындай күндердің бірінде, он сегіз жасында ауылдағы абыройлы, сыйлы кісінің бірі болған Шағыртай ақсақалдың шаңырағына келін боп түсті. Отағасы Қуанышбай ағамызбен дәм-тұзы жарасып, тату-тәтті өмір сүрді. Ол кісі ауыл шаруашылығы саласының білікті мамандарының бірі болды. Отбасында бес перзент дүниеге келді. Ізетті, инабатты Қантүл апамыз ауыл үлкендерінің ақ



батасын алып, құрметінен жаңылған емес. Өкініштісі, балаларының әкесі Қуанышбай ағамыз ертелеу өмірден өтті. Ендігі тұрмыс-тіршіліктің тізгіні өз қолында, балаларды өсіріп-жеткізу керек екенін түсінді.

Ауылда 1976 жылы жаңа клуб салынған еді. Апамыз Қантүл Наурызбаева сол клуб жанынан ашылған кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Заманның ыңғайына қарай отағасымен бірге ауыл шаруа-

шылығы саласында еңбек етіп, зейнетке шыққанға дейін көп жыл күрішші болды. Ел қатарлы еңбек ете жүріп, балаларын ештеденен тарықтырмай өсіріп-жеткізді. Ең бастысы, оларға адал еңбек, маңдай тердің жемісін татқыза білді.

«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп атамыз қазақ айтқандай, Шағыртай әкенің ұрпақтары күні бүгінге дейін егін шаруашылығында еңбек етіп келеді. Ер баланың үлкені Имамзада жастайынан осы саланың бел ортасында жүріп, күріш өндірісін жан-жақты меңгерді. Арада бірнеше жыл өткенде «Таң ЛТД» ЖШС егін шаруашылығын құрып, бүгінде жүздеген адамды жұмыспен қамтып отыр. Одан бөлек, ауылдың әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерін шешуде аталған шаруашылықтың көптеген жұмыс атқарғаны елдің көз алдында.

Жылдан-жылға жаңа технологиямен жарактандырылып, Сыр маржанын әлемге таратып отырған шаруашылықтың табысы еселеп артып, еңбекшілері абырой биігінен көрініп келеді. Соның жарқын көрінісі, бірер

жыл бұрын «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Шағыртаев Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстанның Еңбек ері атанды.

Әулеттегі келіндердің үлкені, Имамзада ағамыздың жары Разия жеңгей шаңыраққа келін болып түскелі қазыналы қариялардың тәлімін алып, қазақы тәрбиені бойына тұтқан, ас әзірлеуде қолы берекелі жан. Осындайда қазақтың: «Балаң би болсын, болмаса да, би түсетін үй болсын» дейтін батасы ойға түседі. Расында, бұл шаңырақтан талай-талай елге сыйлы жандар дәм татты. Бақ қонып, береке дарыған әулеттің балалары мен келіндері бір-бірімен тату-тәтті, сәлемі тузу, сыйластығы көпке үлгі. Ал Еңбек ерінің анасы Қантүл апамыз бүгінде бес баладан немере-шөбере сүйіп отырған бақытты әже.

Мейірімді жүзінен шуақ тарап тұратын абыз ананы мерекесімен құттықтап, Сыр бойы халқы атынан ізгі тілегімзді осылайша білдіруді жөн көрдік.

Ғазиза ӘБИЛДА,  
«Сыр бойы»

## «Шырайлы келіндер» ансамблі

Қала іргесіндегі Бесарық ауылында келіндерден құралған ансамбль бар. Ауылдық мәдениет үйі жанынан ашылған топ қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысады. Мереке қарсаңында ансамбль жетекшісі Гүлзада Бердібековамен шығармашылық ұжым жайында әңгімелескен болатынбыз.

– «Шырайлы келіндер» ансамблі 2023 жылы құрылды. Құрамында 10 келін бар, 15 шақты ән жаздырдық. Келіндердің бәрі де өнерлі, бесаспап. Бұрын олар жеке-жеке ән айтып, іс-шараларға қатысып жүрген. Мәдениет үйінің қызметкерлері Мөлдір Жүнісбаева, Маржан Дүйсенбаева үшеуіміз бірге ән айттық. Кейін үйіме ашып, өнерлі келіндердің басын қосып, топтастырдық, – дейді ол.

Ансамбль құрамындағы өнерпаздар – түрлі саланың маманы. Атап айтар болсақ, Жанат Айтжанова ақын әрі жеке кәсіпкер, Перизат Бакирова №147 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, Сымбат Жүсіпова ағылшын тілі пәнінен сабақ береді. Гүлзада Айтжанова мен Аяқоз Мұханова өнерге құштар үй шаруасындағы аналар, Сара Сарбаева «Бесарық» ЖШС-ның кадр қызметкері, Сұлұшаш Пірназар мәдениет үйінің мәдени ұйымдастырушысы, Гүлжайна Байғабылова «Бөбек» бөбекжай балабақшасының аспазшысы. Бірақ оларды өнер тоғыстырды.

– Біздің қыздар бәріне де үлгереді. Отбасы мен жұмысты ұршықша иіріп отыр. Шығармашылықты да ұмытпайды. Әр дайындыққа жауапкершілікпен қарайды. Ең бастысы, бәріміз де көпбалалы анамыз. Көбіне ана, қыз-келіншектер, туған жер тақырыбында және Шәмші Қалдаяқовтың әндерін орындаймыз. Сахналық киімдерге ерекше мән береміз. Ұлттық нақыштағы бүрмелі көйлек пен көжекей киеміз, әшекей тағамыз, – дейді Гүлзада Бердібекова.

Қазақы келіннің көркем болмысын сахнада дәріптеп келе жатқан ансамбль аз уақыттың ішінде өзіндік орнын қалыптастырды. Бұл – өнерге адалдықтың, дәстүрге деген шынайы ықыластың айқын көрінісі. Сондай-ақ ұжымның көркемдік жетекшісі Абзал Молдашев ансамбльді баянмен сүйемелдейді.

Бүгінде «Шырайлы келіндер» ансамблі елдің, ауыл халқының ыстық ықыласына бөленіп жүр. Өнерлі келіндер гастрольдік сапармен көрші Қоғалыкөл, Шіркейлі ауылда-

рына, аудан орталығына шығып тұрады. Қайырымдылық концерттерін ұйымдастырады. Мәселен, Қызылорда қаласындағы оңалту орталығы мен Қарттар үйіне жиі барып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды. Олардың басты ерекшелігі – қазақ келіндерінің инабаттылығы мен сұлулығын, ұлттық киім мен әдеп-ғұрыпты сахна мәдениетімен ұштастыра білуінде. Әрбір ән мен би қазақ әйелінің парасаты мен нәзіктігін айшықтайды.

Бесарық ауылында 19 жылдық тарихы бар «Жаншұрақты» халықтық әжелер ансамблі де бар. Ақ жаулықты аналардың ізін басатын, өнерін, тәрбиесін жалғайтын ұжым көптің құрметіне бөленуде. Топтағы келіншектердің бәрі де ұлттық аспаптарда еркін ойнайды.

Қазіргі таңда ансамбль ән қоржынын жана әндермен толықтыруда. Алдағы уақытта ауыл халқына «Шырайлы келіндер» ансамблінің жеке концерттік бағдарламасын ұйымдастырмақ. Оған дайындықты бастап кетті. Өнерге құштарлық, сүйіспеншілік, елдің алғысы оларға әрдайым шабыт береді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»



## Аузына Құдай Салған

Жетікөл – қала орталығына жақын ауыл. Отыз-ақ шақырым. Ілгеріде ет бағытындағы бордақы малын өсірген ауылдың қазір заман ағымына бейімделгені байқалады. Шаһар іргесінде болған соң шаруасын солай ыңғайланғандар да жоқ емес. Кәсіпкер баршылық. Дегенмен атакәсіптен ұзамай, төрт түлік өрістеткен ағайын мұнда да жеткілікті.

Айтпағымыз басқа. Тілші мақсаты – тың жаңалық іздеу болса, оның ішінде мезгіл мәселесі де, көңіл маркайтағыны да кездеседі. Ақпарат легін айтамыз-дағы. Оның ішінде мерекелерде кейіпкер іздеп шарқ ұратынымыз бар. Сондай сенделістің үстінде...

...Іздеген Амангүл әжемізді таптық. Бұрын ол жайлы аудандық басшылар жарияланған шағын мақаланы көзіміз шалған. 13 бала дүниеге әкелген Батыр ана, 60 шақты немере мен жиенге құшағы толған әже. Айтпақшы, дүниеге келген 13 баланың 11-і қыз. Міне, тақырып. Әлі жазылмаған мақала туралы ой түйіп, Амангүл апа отырған үйдің есігінен ене бердік.

– Құрағымға біткені 16 бала болды. Үшеуі шегінеді, – дейді амандық-саулықтан кейінгі әңгімеде әжеміз. Бір байқағанымыз, жасынан үй мен түздің шаруасынан қалмаған қария әлі де қуатты, әр сөзі анық, нық.

– Быыл сексеннің алтауын-дамыз. Күдай өмір берген 13 ұл мен қызды өрбіттік қой. Шүкір. Сенің маған келгендегі мақсатыңды білдік. Иә, адам бойына жапырақ ет бітсе, оның еркек не әйел екеніне қарап қалған не бар?! Тек татар несібесін мол қылғай. Қатарынан 10 қызды тудық. Қырық жасымға дейін ғой. Шалым марқұм соған ой демеңгі-ау. «Менің азаматым!» дейтіндей еді. Қазір жастардың арасында мұндай шыдамдылық жоқ қой. Ұл тумаса, ұлы ойбайын салған талай отбасыны көрдік. Он қыздан

соң он бірінші болып ұлым келді.

Ол баланы босанғаным тіптен қызық. Балаларымның көбісін үйде, енемнің қолында тудым. Тек үшеуін ғана перзентханада босандым. Ер баламды перзентханада босанғанымда хабар естіген ауылдағылар қайран қалыпты. Бүкіл Жетікөл болып қуанған шығар. Сірә, тағы қыз табар деп ойласа керек. Күйеуімнің қуанышы мүлде бөлек. Енем марқұм ел шулап, тойлап, думандатқанға ырымдап, атын Думан дегені де сол. Шүкір, барлық балаларым өз отбасымен қызығын көріп отыр. Алды 65 жастан асты. Осынша жасқа келгенімде балаларымның барлығы алақандарына салып, аялап отыр. Кезек-кезек қыдырамын, – деп ағынан жарылды Амангүл әже.

Тартоғай ауылының тумасы Амангүл Түменбаева он сегіз жасында Тұрсынәлі Ақжігітпен бас қосыпты. Бұл күнде дүниеден өткен атамыз Жетікөлде өмір бойы көлік жүргізген. Ал әже зейнет жасына дейін пошташы қызметін атқарған. Ел қанығып оқыр газет-журнал мен алыс өңірлерден келетін хат-хабарды ауылдастарына таратыпты.

– Ең кенжемді 46 жасымда тудым. Иә, дүниеге бірінен соң бірі келген қыздардың арасында екі ұл бар. Думан мен Дулат. Дұрысы, ең үлкені Ләззат, одан соң Бағдат, Жанат, Манат, Алтын, Лиза, Күміс, Айман, Мархабат, Қанағат, Думан, Болғанай, Дулат. Бәрінің атын 93 жасаған енем қойды, бәрі бір бесікке тербеліп

өсті. Оныншы қызды туғанда енем «осымен қанағат» деп атын Қанағат қойғаны есімде. Бәрін өзі бағып қакты. Мені жұмыстан қалдырмады. Ол кезде Үкімет босанардан бұрын 56, босанған соң 56 күн ғана демалыс береді ғой деймін. Қазіргідей біреуін тапсаң, екі-үш жылдап декретте жатқызылбайды, – дейді әже.

Әжеміздің мына бір естелігі тым қызық. Амангүлдің өз енесі, яғни Тұрсынәлі ақсақалдың анасы бірнеше қыз тапқанмен, оның барлығы сәби кезінде шегіненген. Құтаймапты. Ұлдардан бөлек, жалғыз қыз ғана қалыпты. Ошаққа от жағып, қыздарын ойлап жылайтын шешесіне жас бала Тұрсынәлі келіп: «Апа, жыламашы, мен саған есіктен төрге, төрден есікке дейін топырлатып қыз туатын келіншек әкеліп беремін» дейтін көрінеді. Қазақ мұндайда «Күдай аузына салғанын қарашы» дейтін еді ғой. Айтқанындай, келін болып түскен Амангүл бірнеше шаңырақтың үзгін жалғаған, бүгінде әр әулетке ұл-қыз сыйлаған қыздарды дүниеге әкелді.

Тұрсынәлі ата мен Амангүл әжеден тараған балалар мұғалім, механизатор, тігінші мамандықтарын игерген. Ұл-қыздан бөлек, немере-шөбере сүйген әженің шаңырағы – бауырмалдық пен бірліктің нағыз үлгісі. Мақтайтындай, марқайтындай қазақы әулетті көргенде, осылай ой түйдік.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»,  
Сырдария ауданы



Суретерді түсірген Н.Нуржамбылұлы

# Аналар – күннің шуағы,

## Көлік жүргізуді үйретуші

Бүгінде темір тұлпар тізгіндеген қыз-келіншектердің қатары көп. Осыдан он-он бес жыл бұрын қала көшелерінен көлік айдаған бірен-саран әйелді көрсек, қызықтап қараушы едік, қазір көзіміз үйренгені соншалық, мән бермейтін болдық. Тіпті кейінгі екі-үш жылдықта олар ерлермен бірдей ниетті жандарға көлік жүргізудің қыр-сырын үйретіп жүр. Үлкен қалаларда әйел инструкторлар баршылық. Ал Қызылорда секілді шағын қалаларда саусақпен санарлықтай. Соның бірі – Мақпал Торманова.

Ол машина жүргізуге бала кезінен қатты қызықты. Мектеп оқитын кезінде әкесінің «Жигулине» отырып рүлін олай-былай қозғалтып, жылдамдығын ауыстырып, тежегішін басып, әрі-бері «жүргізіп» ойнайтын болған. Студент кезінде де қызығушылығы басылмай, 2010 жылы педколледждің 4-курсінде автомектепке барып оқып, жүргізуші куәлігін алды. Кейін көлікті болды. Тұрмыс құрғанша емін-еркін айдады. Тұрмысқа шыққасын жолдасы біраз уақытқа дейін рұқсат бермеді және төрт балалы болды.

Тұңғыш балам денсаулығында кінәратымен өмірге келді. Әрі-бері барып, жан-жаққа емдеттік. Алғашқыда жолдасым көлікпен тасып, бәріміз бірге жүрдік. Кейін екеуіміз бірдей баланың ізінде жүрмей, біреуіміз жұмысқа шығу керек болып, жолдасым вахтаға басқа қалаға кетті. Ал мен баламен қалдым. Оның жыл бойы емі бар, бассейні, логопед мамандарға, массажи-на таксимен апарып жүрдім. Кейін түрлі киыншылықтарға байланысты қайтадан рульге отыруым керек деген шешімге келдім. Арада біраз уақыттан кейін отырғандықтан көлікті жатырап, қорқыныш сезімі туындады. Жолдасым үйреткендей болды, бірақ ер адамның әйелдің сансыз сұрағына жауап беруге құлық болмайтынын және жүйкесі шыдамайтынын түсіндім. Сосын әйел инструктор іздей бастадым, бірақ біздің қаладан таппадым. Сол себепті өзім, аздаан үздіксіз машығымды арттыра отырып, жақсы айдап кеттім, – дейді ол.

Мақпалдың негізгі мамандығы – мұғалім, екі дипломы бар. Бірақ баласының диагнозына байланысты тұрақты жұмысқа шыға алмайтындықтан, өзіне ыңғайлы жұмыс қарап жүретін. Бір күні «Шымкент қаласынан әйел инструктор болуға дайындаймын» деген жарнаманы көріп, сол жаққа арнайы барады.

Айнұр атты автоинструктордан барлығын үйрендім, білімдімді арттырдым. Әйел кісіге қыз-келіншектер барынша ашылып, ойын айта алады, қанша сұрақ қойса да жауабын алады, ал ер азаматтар көп сөйлегенді ұнатпайды, сол себепті көкейінде қанша сұрақ тұрса да, ашылып қоя алмайды. Қазіргі уақытта, таңертең ерте балашағамды балабақша, мектепке апарып, қалған уақытта қыз-келіншектерге көлік айдауды үйретемін. Осылайша, ерекше балам мені өмірдің жаңа бір белесіне шығуыма көмектесті десем де болады. Бұйырса, тек қыздарға арналған автомектеп ашсақ деген жоспарымыз бар, – дейді Мақпал.

Күніне 8 сағат жұмыс істейді. Айына шамамен 100-ге жуық курсантты үйретіп шығарады. Келушілер саны күн өткен сайын артып келеді екен. Мақпалдың айтуынша, көлік жүргізуге ниеттілердің көпшілігі балаларын жаяу тасып шарағандар. Сонымен бірге, әйел үйретушіге қуана келудегі үлкен себептің бірі – күйеулерінің қызғанақтығы.

Маған келетін қыз-келіншектердің барлығында дерлік басты себеп – күйеулерінің қызғанышы. Оған қоса жоғарыда айтып өткенімдей, еркін сұрақ қойып, толық түсінуге ыңғайлы болғандықтан келеді. Ер кісіден үйреніп, кейін маған келіп көп нәрсені түсініп, терең біліп кететіндер баршылық. Басқа қалаларда автоинструктор әйелдер өте көп, ал біздің Қызылорда ол жағынан енді даму үстінде. Білуімше, әзірге тек ер кісілер, – дейді ол.

Автоинструктордың сөзінен түсінгеніміз, әйелдер негізінен қажеттіліктен машина жүргізіп үйренуге мәжбүр. Таусылмайтын тірлік, балашаға қамы нәзікжандыларды амалсыз темір тұлпар тізгіндеуге жетелейді. Бұрын ер кісілер үйретсе, енді қыз-келіншектер бір-біріне үйретіп жүр. Бұл да жақсы.

Қысқасы, ерекше баласы бола тұра, бір жағынан кәсіппен айналысып ақша тауып, бір жағынан қыз-келіншектерге көлік айдауды үйретіп жүрген Мақпалдың мықтылығына тәнті болдық.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

## Шақалақты шыңдаған дәрігер

Кез келген ана үшін сәбиін аман-есен бауырына басқаннан артық бақыт жоқ. Бірақ кейінгі кезде шала туған нәрестелердің көбеюі, денсаулығында туа бітті ақауы бар балалардың жиі кездесуі алаңдатпай қоймайтыны рас. Ал оларға өмірге келген алғашқы сәттен бастап күтім жасап қарау – перзентханадағы неонатолог мамандар міндеті.

Облыстық перинаталдық орталығының неонатолог-дәрігері Жанна Қалдыбаева өзінің 30 жылдан астам еңбек жолында шала, туа бітті ақаумен дүниеге келген нәрестелердің өмірі үшін күресіп келеді. Ол еңбек ете жүріп, мамандығын жете меңгеру, білімін көтеріп, біліктілігін арттыру мақсатында ізденуден жалыққан емес. Шала туған нәрестелер мен туа бітті ауруға шалдыққан шақалақтар өміріне араша түсуде әлемдік тәжірибелерді түйіп, озық жаңалықтарды қалт жібермей, меңгеруге тырысып жүреді. Осы мақсатта 2012 жылы Литва мемлекетінің Каунас қаласында «Алғашқы реанимациялық көмек көрсету» тақырыбында оқу курсынан өтсе, 2018 жылы Астана қаласында 136 мемлекеттің неонатологтары бас қосқан форумға қатысып, біліктілігін көтерді. Сол жылы Кореяның Сеул қаласындағы «Северанс» клиникасында болып, нәрестелерге экстремальді көмек көрсетудің қыр-сырына қанықса, 2019 жылы Мәскеу қаласындағы Сперанский атындағы балалар орталығында шұғыл жағдайда балаларға көмек көрсету бойынша оқу курсынан өтті.

Одан бөлек, Жанна Сраждинқызы Австрияның Вена медициналық университеті мен көпсалалы ауруханасындағы неонатальды бөлімшесінде болып, «Шала туған нәрестелер реанимациясы. Вена концепциясы» тақырыбындағы конференцияда ағылшын тілінде презентация жасады.

– Қаншама елге шығып, тәжірибе жинақтап жүрмін. Сонда байқағаным, біздің мамандарымыз ешкімнен кем емес. Сол сияқты ол елдердегі түрлі заманауи аппараттар да бізде бар. Мәселен, Кореяны алсақ, шала туған нәрестелерге ол жақта қандай көмек көрсетіледі, қандай күтім жасалады, қазіргі кезде біздің мамандар да сол әдіс-тәсілдерді қолданып жатыр. Соңғы үлгідегі құрал-жабдықтарымыз да жеткілікті, – дейді ол.

Пандемия, басқа да себептермен кейінгі үш-төрт жылда шетелге шықпағанымен, Жанна Сраждинқызы облыс көлемінде курстарға қатысып, білімін жетілдіріп, біліктілігін көтеруден қол үзген емес.

Жоғары санатты дәрігер кәсібі білігінің, білімінің нәтижесінде бірнеше мәрте Денсаулық сақтау министрлігінің, басқарманың марапаттарына ие болды. Ол өзінің дәрігерлік мол тәжірибесінде түрлі

қызмет сатысынан өтті. Алайда неонатолог маманының басты міндеті – дүниеге келген әр баланың отбасына аман-есен оралуына қызмет ету. Сол үшін аянбай еңбек ете бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

## Жүрек қалауы

Ұстаздық – жүрек қалауымен таңдалатын, үлкен жауапкершілікті талап ететін мамандық. Оны таңдаған адам тек білім беріп қана қоймай, жас ұрпақтың болашағына бағыт-бағдар көрсетеді. Осындай қасиеттерді бойына сіңіріп, саналы ғұмырын білім саласына арнаған жандардың бірі – тәжірибелі педагог Ұлжанай Палжанова. Бүгінде зейнет демалысында болса да, ол ұстаздық қызметтен қол үзбеген.

Қазіргі уақытта «Бәйтерек» мектебінде бітіруші түлектерді Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындап жүр. Жылдар бойы жинақтаған тәжірибесі мен білімін шәкірттеріне үйретуді азаматтық әрі кәсіби парызы деп санайды.

Ол кішкентайынан «мектеп» ойнап, ойыншықтарына сабақ түсіндіруді ұнататын. Сан-дарға ерте жастан қызығушылық танытқан қыздың бұл таңдауын ата-анасы да қолдаған. Мектепті тәмамдаған соң Қызылорда қаласындағы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтқа түсіп, математика мамандығын меңгерді. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін еңбек жолын №43 мектепте бастап, осы білім ордасында 30 жылдан астам уақыт математика пәнінен сабақ беріп, мыңдаған шәкірт тәрбиеледі.

Тәжірибелі педагог тек сабақ берумен ғана шектелмей, ғылыми-әдістемелік жұмыстармен де белсенді айналысты.

Оның «Экономикалық мазмұндағы есептер» атты еңбегі мен екі тілде жарық көрген «Математика. 6 сынып» оқу құралы білім беру саласында кеңінен қолданылып келеді. Сонымен қатар ол «Ұлттық мектептерде білім беру үдерісінің құзыреттілік модулін ғылыми-әдістемелік негізде ұйымдастыруға қошу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік материалдар жинағын дайындауға да үлес қосқан.

Тәжірибелі педагогтің мақалалары қалалық, облыстық және республикалық басымдарда жарық көріп келеді. Ұзақ жылғы еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Ол «Үздік ұстаз» номинациясы бойынша қала әкімінің сертификатты иеленіп, білім саласындағы жоғары марапаттардың бірі – «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін кеудесіне таққан.

Ұстаз үшін ең үлкен жетістік – шәкірттерінің табысы.

Ұлжанай Палжанованың тәрбиесін алған оқушылардың арасында қалалық және облыстық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары аз емес. Бұл – ұстаз еңбегінің нақты жемісі.

Ол – тек білікті педагог қана емес, өнегелі ана, ардақты әже. Үш ұл тәрбиелен-өсірген. Қазіргі уақытта сегіз немеренің сүйікті әжесі.

Тәжірибелі педагогтің айтуынша, қазіргі заман мұғалімдеріне қойылатын талап бұрынғыдан әлдеқайда жоғары. Бүгінгі оқушылардың назарын смартфондар, әлеуметтік желілер мен интернет ойындары жиі өзіне тартады. Сондықтан ұстаздар балаларды білімге қызықтыру үшін үнемі ізденіп, сабақтарынан жаңа тәсілдермен ұйымдастыруы қажет.

– Әр сабақ міндетті түрде ерекше болуы шарт емес. Бірақ оқушының жадында ұзақ сақталатын бір әсерлі сабақ өткізу – әр ұстаздың басты мақсаты, – дейді ол. – Жақсы сабақ – оқушылардың жанарынан қызығушылықты көрген сәт. Баланың пәнге деген ынтасы оянса, мен өзімді бақытты сезінемін. Сонда ғана ұстаз ретіндегі міндетім орындалды деп есептеймін.

Ұлжанай Нұрмаханқызы сабақ барысында оқушылардың математикалық ойлау қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Ол түрлі викториналар, тесттер, квидздер мен ойын элементтерін қолдана отырып, пәнге деген қызығушылықты арттыруға тырысады. Сонымен қатар шәкірттерімен ашық диалог орнатып, олардың білімге деген талпынысын әрдайым қолдап отырады.

Зейнет жасына жетсе де, ұстаздық жолын жалғастырған Ұлжанай Нұрмаханқызы – білім саласының шынайы жанашыры. Оның өмірлік тәжірибесі мен еңбегі бүгінгі жас мұғалімдер үшін де үлкен үлгі болып қала береді.

Бағлан АЙҒАЛПУЛЫ

## Балалар бапкері

Жанар Алдажарова бірнеше жылдан бері каратэ-до спортынан бапкерлік қызметпен айналысып келеді. Қазір Тасбөгет кентіндегі №5 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде жас өрендерге жол сілтеп, әрдайым жоғары биіктер көрінуіне күш салып жүр.

– Өзім Байқоңыр қаласында тоғыз жасымнан спортпен айналысқан едім. Алғашқы бапкерім – Дильдора Усманова. Ол кісі шәкірттерінің шыңдалуына қолдан келгенше үлес қосты. Екінші анамыздай болып кетті.

Қаншама жарыста алдыңғы орыннан көріндік. Ендігі кезекте өзім сол міндетті атқарып жүрмін. Каратэ-дониң қыр-сырын білуге құштар шәкірттерімді көргенде ерекше көңіл-күйге бөленемін. Сондықтан әрбір дәрісімді айрықша дайындап-дыкпен өткізуге тырысамын. Қуанарлығы, олардың жеңіске деген жігері талай биікті бағындыруға жол ашып келеді. Шәкірттерім халықаралық және республикалық жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Келе-шекте биік белеске шығарына сенімім зор, – дейді Жанар бізбен әңгімесінде.

Шығыс жекпе-жегінің жоғары үлгісі ретінде бағаланатын каратэ-до қазір әлемнің барлық елінде кеңінен қанат жайып келеді. Оны көптеген жарыс барысында анық байқау қиын емес. Тіпті белгілі спортшылардың өзі ойламаған жерден қарсыласына есе жіберіп қояды.

– Еліміздің барлық аймағында арнайы үйірмелер жұмыс істейді. Біздің облыста да барлық спорт мектебінде бар дей аламыз. Осының арқасында бәсекелестік өте жоғары.

Өз шәкірттерім былтыр Қырғызстанда өткен Орта Азия чемпионатында жасөспірімдер арасында Аяулым Ерболат, Айзере Жолдасбай алтын, Никита Макаров кумитэ бағдарламасында қола жүлдегер атанды. Аяулым мен Айзере былтыр ел біріншілігінде чемпион атанып, спорт шеберлігіне үміткер нормативін орындады. Сол жарыста үздік үштікті түйіндеген Айша Еркебұланқызы да дәл сондай табыспен оралды, – дейді ол әңгімесін жалғастырып.

Жанардың айтуынша, жаттығу балалардың жас ерекшелігіне қарай жүргізіледі. Нәтижесінде олар каратэ-дониң қыр-сырын толық игеруге мүмкіндік алады. Балалар өзін-өзі қорғауға, тәртіпке үйренеді.

– Жас өреннің мінезін қарай сөйлесуге тырысамын. Оның жауапкершілігі өте жоғары екенін білемін. Әдіс-тәсілді баланың жасына сай үйретіп, алдымен жақсы тұлға ретінде қалыптастыруға тырысамыз. Әрине, негізгі мақсатымыз – олардың арасынан чемпиондар шығару. Қазір сол жолда тынбай еңбек етіп келеміз. Халықаралық турнирде ел намысын абыроймен қорғап жүрген шәкірттеріміз саны жылдан-жылға көбейіп келе жатқаны қуантады, – деді бапкер.

Әділжан ҰМБЕТ,  
«Сыр бойы»

# Өмірдің мөлдір бұлағы

## Қалжа: салт, қамқорлық, құрмет

Кейінгі кездері ірі қалаларда «Қалжа» орталықтары ашылууда. Орталық жаңа босанған ана мен сәби күтіміне ден қояды. Мұндай қызмет түрін пайдаланушылар саны да жыл сайын артып келеді. Осы тақырып аясын терең білу үшін зерттеп көргенбіз.

Алдымен «қалжа» деген сөзге түсінік берсек. Қалжа – жас босанған әйелге арнап пісірілетін тағам. Жаңа босанған әйелге қой сойып, ақ тілеу айтып, қалжа жегізеді. Себебі аяғы ауыр кездегі тер шықпаса, ана мен баланы қырық түрлі қырық шалады, «қалжа жемеген әйелдің баласы ынжық болады» деп ырымдайды. Бүгінде көне салт жаңа бағыт алып, тіпті арнайы орталық ретінде ашылып жатыр.

Сондай-ақ аналарға бенкунг әдісін үйретеміз, – дейді ол.

Орталық жас босанғандарға ғана емес, сәбилі болғанда күтіне алмаған аналарға да қызмет көрсетеді. Оған арнайы пакет ұсынылады. Шілде тері шықпаған әйелдің ағзасында уақыт өте келе артрит, артроз сияқты ауру пайда болып, белін тіктей алмай қалады.

– Көпшілік шілде тер тек босанған кезде ғана шығады деп ойлайды. Ол дұрыс емес. Уақыт өте келе де ем алуға болады. Біздің орталықта осындай қызмет түрі барын біліп, қаншама ана хабарласты. Ем-дом алған соң жақсарып қалғандарын айтып, алғысын білдіреді. Әрине, әр ананың денсаулығының жақсаруына септігіміздің тигеніне қуанып қаламыз, – дейді Динара Насырова.

Жас ана жағдайына байланысты «Қалжаға» келе алмаса, олар өздері үйіне барады. Орталықта көрсетілетін қызметті үйде де көрсете алады.

– Жас аналар өздері ой салады. Үйге келу қызметін қарастырсаңыздар деген секілді. Онда да барлық процедуралар жүргізіледі. Алғашқы нәрестесін босанған анаға барынша кеңес беріп, өзінің, баланың денсаулығын қалай күтуді үйретеміз. Күніне екі-үш үйге барып, тиісті жұмысымызды жүргіземіз, – дейді ол.

Гүлдана мен Динара қазір жұмыстың қыр-сырын әбден меңгеріп алған, демалыста да тынбайды. Өздерін жетілдіру үшін білім алып, ізденуден жалықпайды. Нәтижесінде істері алға жылжып, көптің ықыласына бөленіп жүр.

«Қалжа» ұғымы туралы Зейнеп Ахметова былай деп түсіндіреді. «Қазақтың өте бір қасиетті ырымы – келінге қалжа жегізу. Бұрынғырақ кедейлік келмей әйеліне қалжа жегізген. Тіпті бұған өзінің шамасы келмеген күнде ауқатты адамдар қалжасын әкеліп берген. Өйткені қалжа әкеліп беру де сауабы үлкен іс болып саналған. Қалжаның күнделікті желінетін еттен айырмашылығы – ол жас босанған ана мен баланың сыбағасы. Әрі құрметті ас саналады. Қалжа біріншіден, дүниеге келген нәрестенің құрметіне арналас, екіншіден, жас анаға дүниеге перзент әкелгені үшін арнайы сойылатын болған. Күнде келінге сорпасын ішкізіп, етін жегізіп отырғандықтан, жас босанған ана өзінің жоғалтқан күш-қуатын осы қалжа арқылы қалпына келтіреді. Босанғаннан кейінгі күтімге қалжаның тигізер пайдасы ұшан-теңіз. Қалжа жеп, жас сорпа ішкен келіншектің сүті де құнарлы болады. Баланың тез ет алып өсуіне әсер етеді» деген. Сондай-ақ жазушы жігіт әлжуаз болса құрдастары «әй, немене, сенің шешен қалжа жемеген бе?» деп қағытқанын да айтады. Тіпті қалжаны кей өңірлерде қыздың төркіні де әкеліп жатады, бірақ қалжа, негізінен келіншектің күйеуінің мойнындағы міндет-парыз екенін келтіреді.

Қала тұрғыны Баян Аргынова қарашанырақ үш келінімен бірге тұрады. Ол қалжалаудың жас ана үшін маңызы зор екенін айтады. Сол себепті келіндері өмірге сәби әкелген кезде ерекше күтетінін айтады.

– Кемі алты айға дейін жағдайын жасаймын. Босанар уақыты жақындаған кезде қой етін алдырамын. Шілде тері шыққанша 40 күн сорпа беріп, бөлмесінен шығармаймын. Немеремді суға түсіріп, жаттығуын жасап, бесікке бөлеймін. Келінге ауыр зат көтеруге, суықта жеңіл киінуге жол бермеймін. Уақыты келгенде медициналық тексерістен өтіп, денсаулығын түзейді. Бәріміз де жас болдық. Өзім 8 баланы өмірге әкелдім. Ауылда жағдай болмады. Босанып келіп, үй шаруасына кірісіп кеттік. Әрине, ол кезде жастықпен білінбеді. Кейін бәліміз жазылмай, буындарымыз сырқырайтын болды. Уақыт өте келе келіндерім осылай қиналмас үшін барынша күтінуге жағдай жасаймын. Ал заманауи қалжа орталығының ашылуы дұрыс деп санаймын. Себебі күтіне алатын да, алмайтын да ана бар. Орталық – оларға таптырмас мүмкіндік, – дейді зейнеткер.

Жас ана – ұрпақ жалғастырушысы. «Қалжа» орталығы ұлттық дәстүрлерге негізделген, заманауи медициналық стандарттарға сай қызмет көрсетеді.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»



## Салық саласының майталманы

Салық – мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен дамуының басты тіректерінің бірі. Еп бюджетінің қалыптасуы, әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асуы, аймақтардың көркеюі тікелей осы саладағы жүйелі жұмыстарға байланысты. Осындай маңызды салада ұзақ жылдар бойы адал қызмет етіп келе жатқан маманның бірі – Гүлбану Смайлова.

Нақты кезеңде ол Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында бас маман. Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын қаржыгер еңбекте тәжірибе мен кәсібилікті ұштастыра отырып, әріптестерінің құрметіне бөленген.

Еңбек жолын облыстық ветеринариялық лабораторияда экономист болып бастап, кейін Сырдария аудандық салық инспекциясында аға салық инспекторы қызметін атқарды. Мінезі орнықты жас маманның қабілетін байқаған басшылық оны облыстық салық комитетіне бас маман етіп қызметке алды. Осы жұмыста жүріп тәжірибе жинақтады.

Бас маманның адамдармен қарым-қатынас жасауы, т.б. көптеген адами қасиеттері көрініп, бөлім басшысы қызметіне жоғарылағандықтан. Еңбек жолы осылай жалғасқан Гүлбану Смайлова кейін Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына ауысты. Осындағы есеп бөлімінің басшысы болды.

Бекболат есімді азаматпен бас қосып, отау құрады. Отбасын құру, оны берік сақтау, ұрпақ өсіріп, тәрбиелеу – аса маңызды міндет. Ұлтымақты өмірдің арқасында дүниеге Айзат есімді перзент әкелді.

Саладағы ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін Гүлбану Смайлова «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі» төсбелгісінің иегері атанды. Сондай-ақ ол Қаржы министрлігінің Алғыс хаттарымен және мерекелік медальдарымен марапатталған. Ұжым арасында сыйлы, өз ісінің білгірі атанған Г.Смайлова бүгінгі күні де қаржы саласының дамуына өз үлесін қосып келеді. Оның еңбек жолы – жас мамандарға үлгі, ал адал қызметі – көпшілікке өнеге.

«СБ» ақпарат



Өңірде алғашқылардың бірі болып «Қалжа» орталығын ашқан Гүлдана Өскенбай мен Динара Насырова бұл қызметке сұраныс болғандықтан идеясын іске асырған.

– Бастапқы кезде массаж курсы оқыдым, білікті мастерлерден дәріс алдым. 2020 жылы алған білімім бойынша жұмыс істедім де, өзіме ұнаған іс

арқылы саланы терең зерттей бастадым. Қасымдағы әріптесім ұсыныс білдіріп, қалжа орталықтарының өзге өңірлерде бар екенін білдік. 2023 жылы орталықты ашу үшін дайындықты бастадық. Ана мен бала үшін қажетті барлық құрал-жабдықты сатып алдық. Жаңа босанған ана мен сәби үшін қызмет түрлерін ұйымдастырдық. Орталыққа келген ана денсаулығын қалпына келтіріп қана қоймай, оған гинеколог, психолог, педиатр мамандарының да қызметін қостық. Анаға қажетті ем-дом шаралары жасалып жатқан кезде сәбиге де күтім көрсетіледі, түрлі пакеттер ұйымдастырылған. Келуші таңдаса, біз қызмет көрсетеміз, – дейді Гүлдана Өскенбай.

Мамандар жыл өткен сайын бұл орталықтың жұмысы жанданып келе жатқанын, шетелдерде мұндай қызмет әлдеқашан дамып кеткенін айтты.

– «Қалжа» деген ұғым бізге тансық емес, ата-бабамыздан жалғасып жатқан салт-жоралғы. Жас ана босанған кезде ерекше күтім жасалған. Қырық күн бойы баласының қасынан алыстатпай, жас қойдың сорпасын берген. Үйдің босағасына мойныномыртқаны іліп қойған. Сонда үйге келген қонақ жас босанған ана барын біліп, қайта кері қайтқан. Осылайша дәстүр мен жаңашылдықты тоғыстырып, заманауи қалжа орталығын аштық, – дейді маман.

Орталық мамандары мұндағы әр анаға арналған қызметтің қалай көрсетілетінін таныстырып шықты. Балаға арнайы маман қарайды. Суға түсіреді, дене массажын жасайды, тырнақ-шашын алып, қол-аяғын созады. Билирубинін азайтуға дейінгі процедура жүргізіледі. Нәрестеге арналған жабдықтар да жеткілікті. Бесік те, қосымша сүт ішуге арналған құтының да түрі көп. Құты арнайы медициналық аппаратта тазаланады. Анасы қажетті ем-домын жалғастырады.

– Орталықта анаға арналған күтімнің ерекше түрі – шілде шипасы. Бұл тез сауықтырып, күш жинатады. Осылайша 40 күн ерекше күтеді. Бұл – жай ғана ырым емес, табиғи терапия. Терлегенде бойдағы суық шығады, қан айналымы жақсарып, бұлшықеттер тез қалпына келеді, ағза токсин, шлактан, тұздан тазарады. Біз күндік, одан да көп күнге арналған емдеу әдісін ұйымдастырдық. Қанша күндік пакет қажет, оны ана өзі таңдайды. Шілде терін шығарған соң, дене массажын жасаймыз, бамбук банкасы қойылады. Стоун, Йон-стим және от терапиясы жасалады.



## «Бақыт сыйласын деп тілейміз»

Көктем келсе, күллі табиғат, адам да ерекше күйге бөленіп, ізгілік пен өсемдікке ұмтылады. Бір-бірін қуантуға құштар. Осындай сәтте адамдар анасына, ұстазына, сондай-ақ сүйіктісіне ыстық ықыласын, шынайы құрметін білдіру үшін гүл сыйлайды.

Қала тұрғыны Елена Александрқызы «Гүлдер KZO» салонында гүл сатушы. Оның бұл жұмысты атқарып келе жатқанына 25 жылдан асты.

– Гүлдер еліміздің әр өңірінен әкелінеді. Оларды міндетті түрде түбінен 2-3 см кесіп, салқын суға салып қоямыз. Жай күндерге қарағанда, мерекелерде гүл алушылар көп болады. Әсіресе, көктемде, 8 наурыз мерекесіне орай қала тұрғындары көбіне қызғалдақ, раушан гүлі, «Әйел бақыты», әсем хризантема гүлдерін сатып алады.

Гүл – өте сезімтал, сондықтан әрбір құшақ гүл сол адамға қуаныш, бақыт сыйласа деп тілейміз! – дейді Елена. Осыдан отыз жылдай бұрын қазак отбасына келін боп түскен Елена отағасы Әмірбекпен бірге төрт бала тәрбиелеп өсіріп, қыздарын құтты орнына қондырып, ата-әже бақытына ие болып отыр. Ол өз жұмысын ерекше жақсы көреді. Өйткені әрдайым адамдарға қуаныш сыйлағысы келіп тұрады.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»



## Тігіншілік – шығармашылық еңбек

болатын. Бала күнінен тігіншілікті анасы мен әжесінен үйренген.

– Ұзақ уақыт бойы хоббиімді кәсіпке айналдыра аламын ба деп күмәндандым. Алғашында тек таныстарым мен көршілеріме ғана киім тігіп беретінмін. Кейін сұраныс көбейген соң, өз шеберханамды ашуға бел будым, – дейді кәсіпкер.

Кәсіпті бастауға «Бастау Бизнес» жобасы серпін берген. Ол «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының базасында өткізілген оқыту курстарынан өтіп, өз жобасын сәтті қорғап шыққан. Нәтижесінде мемлекеттік грантқа қол жеткізіп, оған заманауи тігін машинасын сатып алды.

– Алғашында тігіншілікті үйден бастап, бір ғана машинамен жұмыс істедім. Киім тігу мен жастық жасауға тапсырыс көбейген сайын бір машина жеткіліксіз бола бастады. Сол кезде мемлекеттік қолдауға жүгініп, «Ауыл аманаты» жобасы аясында жылдық мөлшерлемесі 2,5 пайыз болатын 9 миллион теңге көлемінде несие алдым, – дейді кәсіпкер. – Осы қаражатқа жұмыс орнын кеңейтіп, қосымша жабдықтар, заманауи тігін машинасын, түрлі маталар мен жіптер сатып алдым. Қазір шағын шеберханам бар, өз ісімді дамытып келемін. Ауылда кәсіп жүргізудің өзіндік қиындықтары болғанымен, еңбек етіп, тынымсыз жұмыс істесем, оның нәтижесін көруге болады, – дейді Н. Бақымова.

Бүгінде шебердің өнімдері ауданнан тыс жерлерге де тарала бастаған. Тапсырыстар

Қызылорда, Атырау, Алматы, Ақтөбе, Шымкент қалаларынан, еліміздің басқа да өңірлерінен түседі. Өнімдерін насихаттауда әлеуметтік желілердің де ықпалы зор. Кәсіпкер онда дайын бұйымдардың фотосуреттерін жариялап, жұмыс барысын бөлісіп, тұтынушылармен байланыс орнатады. Мұндай тәсіл сатып алушылардың сенімін арттырып, өнімнің қалай жасалатынын көруге мүмкіндік береді.

– Мен үшін тігіншілік – тек табыс көзі ғана емес, шығармашылық пен өзін-өзі таңытудың жолы. Әрбір жаңа бұйымды дайындаған сайын біреуге қуаныш сыйлайтынмыз сезінемін. Ең бастысы – адамдардың көңілінен шығу, – дейді ісмер.

Алдағы уақытта Нұргүл Бақымова ауылдағы қыз-келіншектер мен жасөспірім қыздарға арналған колонер үйірмесін ашуды жоспарлап отыр. Шебер осылайша өзінің білгенін жастарға үйретіп, ұлттық колонердің дамуына үлес қосуды мақсат етеді.

Қолына ине ұстап, мата пішкеннің бәрі бірдей нағыз тігінші бола бермейді. Бұл кәсіп үлкен шыдамдылықты, ұқыптылықты және шеберлікті талап етеді. Әр үйдің көркін кіргізетін перделер, жайлылық сыйлайтын сырмақтар мен жастықтар – бәрі Нұргүлдің шағын шеберханасында дүниеге келеді. Мұнда әрбір бұйымға ерекше мән беріліп, тігінші оны бар ықыласымен, жан-тәнімен жасап шығарады.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

Ұзақ сапарларда жол бойы үлкендердің әңгімесіне құлақ түрудің мен үшін екі пайдасы бар.

Біріншісі, әрине, жол қысқарады. Ал екіншісі, тәлім түйесің. Тек ондайда әңгіме айтушы «қиыннан қиыстыратын» қара сөздің хас шебері болуы керек. Жол үстіндегі әңгіменің әсері де ерекше болады, жадына да тез жазылып қалады.

Өмірбек ағамның әңгімелерін шаңырағына арнайы барып тыңдамасам да, жолсапарларда көп естідім. Өзі ұзақ жыл құқық қорғау органдарында қызмет істеді. Анығырақ айтсақ, Қызылорда облыстық полиция департаментінде басшылық қызметтер атқарды. Бұл саланың лауазымды тұлғаларынан бастап, қатардағы мамандарына дейін темірдей тәртіп пен қатаң ережелерге бағынатыны белгілі. Негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті қадағалап, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болған соң полиция қызметкерлері көп сөйлемейді. Олар сөздің емес, іс-қимылдың адамдары. Алайда, Өмірбек ағам алқалы топта шешендерше шешіліп сөйлеп кеткенде ол кісіні танымайтындарға құқық қорғау саласының қызметкері екенін айтса, иланбас еді...

## ӨМІР ЖОЛЫҢДАҒЫ АБЫРОЙЛЫ БЕЛЕС

Иә, сөздің де жүлге-жүйесі, сөйлеудің де жөн-жосығы бар. Өмірбек ағамның сөзі сәнді болған соң, әңгімесі де дәмді шығады, жалықпай тыңдай бересің. Әсіресе, жадында жатталып қалған бала күнті естеліктерін айтқанда, сол сәттерде ол кісімен бірге жүргендей күй кешесің, әлгі қызықты оқиғалар мөлдіреп көз алдына келе қалады. Кей тұсында еріксіз езу тартасың. Ал, ұзақ жылғы қызметтік жолыңдағы хикаялары бір кітапқа жүк болады.

Ол кісіге сөз киесі атасы Шаймағанбеттен дарыған. Шаймағанбет зерделі де зерек немересін жетектеп жүріп сонау Қызылқұмды мекен еткен қасиетті қара шалдардың шапанына орап, батасына суарып өсірген. Содан да болар, Өмірбек ағам өзінің туған ауылын, ондағы бел-белестерге жасырынып қалып қойған балалық шағын әрдайым сағынышымен еске алып отырады. Кіршіксіз балалығын аңсап отыратын адамның ішкі әлемі де тұмадай тұнық болады. Ал жаны таза адам елін, жерін тілегімен де, жүрегімен де сүйеді және елге қылған қызметіне де адал болады.

Доғарыстағы полиция полковнигі, ҚР Ішкі істер органдарының Құрметті қызметкері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты Шаймағанбетов Өмірбек Бердібекұлы 1963 жылы 7-наурызда Жалағаш ауданы Жаңаталап совхозында дүниеге келді. 1970 жылы Аққыр ауылындағы №188 мектепке барады. 1978 жылы Шымкент қаласындағы №144 орыс-қазақ мектебіне ауысып, үздік бағамен бітірді. 1980-1985 жылдары Өскемен жол құрылысы институтының Алматыдағы жалпы техникалық факультетінде жоғары білім алды. Алғашқы еңбек жолын Жол құрылысын жобалау институтының Қызылорда филиалында жобалаушы-инженер болып бастады. 1985-1987 жылдары Белоруссиядағы әскери әуе күштерінің 402-ші арнайы мақсаттағы полкінде борышын өтеп, лейтенант шенін алды. Әскерден оралған соң партия қатарына қабылданып, 1987 жылы партияның жолдауымен Қызылорда қалалық ішкі істер бөліміне қарасты мемлекеттік автоинспекциясына (МАИ) қызметке орналасты. 1987-1988 жылдары Саратов милиция мектебінде алғашқы қайта даярлау курсынан өтіп, Қызылорда қалалық мемлекеттік автоинспекциясының жол қозғалысын ұйымдастыру және қадағалау аға инспекторы-аға инженері қызметіне келді. Одан соң әр жылдары зейнет демалысына шыққаны соң салада жеке рота командирінің орынбасары, штаб басшысы, Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінің қарасты мемлекеттік автоинспекцияның басшысы, Қызылорда облыстық жол полициясы басқармасының басшысы, Қызылорда облыстық қылмыстық полиция департаменті басшысының орынбасары қызметтерінде болды.

Құқық қорғау саласындағы басшылық қызметтің қай-қайсын да нәтижелі хәм абыройлы атқарды. Саладағы жұмыстарды жүйелі жүргізіп, онтайлы ұйымдастыруда, аса ауыр қылмыстарды ашуда, қоғамдық тәртіпті қадағалап, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі белсенділігі арқылы өз саласының нағыз кәсіби маманы екенін көрсетті. Отыз жылдан астам қызмет істеп, зейнет демалысына шыққан соң да «Дорстрой» компаниясының атқарушы директоры болып, еліміздің әр аймағында өңіраралық салынаста

манызды жолдарды салды. Одан кейінгі жылдары Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі қызметін атқарды. Осы уақыттарда әлем елдері тәж-тажалдың құрсауында қалып, дүние дүрбелеңге түсіп, адамзат дүрлігіп жатты. Міне, осындай сындарлы сәт Өмірбек Бердібекұлының мойнына тағы да үлкен жауапкершілік жүктелді. Жүкпалы дерттің өршіп, жылдам тарап жатқан кезінде еліміз бойынша төтенше жағдай жарияланып, ел тұрғындарына оқшаулануды ескерткенмен, кейбір азаматтар карантин талаптарын сақтамай, індет ошағын ұлғайтты. Осындай қиын кезеңде де белсенділік танытқан ол сақтық шараларын халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу бағытында арнайы құрылған топтардың жұмысын үйлестіріп, қатерлі індетпен күресу жолында тәулік мезгілімен санаспай табанды хәм тынымсыз еңбек етті. Бұл сындарлы кезең де Өмірбек ағамның тұлғасын зорайтып, абыройын аспандатып, жұлдызын жарқыратты. Нәтижесінде ел басына күн туғанда көрсеткен ерен еңбегі үшін Мемлекет басшысының Жарлығымен «Халық Алғысы» медалін кеудесіне тақты.

Сөз басында Өмірбек ағамның әңгімешілдігі жайында айттым. Бұл кісі әңгімені ауызша таратушы ғана емес, кейінге мұра болар қағазға түскен жазбалары да бар. Мерзімді баспасөз беттеріне түрлі тақырыптармен өз саласындағы жұмыстарды қамтитын көлемді мақалалар жариялап келеді. Бірнеше жыл бұрын Қазақстан Журналистер одағының мүшесі болып қабылданды. Соңғы жылдары шығармашылыққа ден қойды. Әдебиеттің детектив жанрына қалам тартуға кез келген адамның жүрегі дауаламайды. Өрі десе, бұл жанр бізде кенжелеп қалған. Әйтсе де құжаттармен, дәлел-дәйектермен, айғақтармен ғана мәні ашылатын деректі шығармаларға арқау болар шытырман оқиғалар Өмірбек ағамның қорында баршылық. Ұзақ жылғы қызметтік жолында талай-талай жаңтүршігерлік қылмыстық оқиғалардың куәсі болған. «Операция Набат» және «Шымкентский транзит надежд» деп аталатын шытырман әңгімелері жазушы Кемел Тоқаев атындағы республикалық детектив шығармалар байқауында жүлделі ІІ орынды иеленді. Сонымен бірге орыс тіліне аударылған бірнеше шығармасы Ресей Федерациясы ІІМ-нің «Қалқан мен Қалам» (Щит и Перо) атты детективті шығармалар халықаралық байқауының «Содружество» номинациясы бойынша жеңімпаз атанып, арнайы дипломен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Иә, автордың бұл еңбегін детектив жанрын дамытуға, тіпті әдебиетке қосқан үлесі деп білуіміз керек. 2021 жылы жазушы Нұрлыбек Саматұлымен бірлесіп жазған «Тәуелсіздік қырандары» атты кітабы жарық көрді.

Депутаттық мандаты қолына тиген бойда қызметіне қызу кірісті. Содан бері өзін сайлап, таңдау түсірген жалағаштықтардың сенімінен шығуы үшін ел ішіндегі кезек күттірмейтін өзекті мәселелерді мәслихат мінберінен батыл көтеріп келеді. Сөз жүзінде қалып қоймай, көпшілігі оң шешімін тапты. Халық қалаулысы ретінде ең алдымен ауылдық округтер мен елді мекендердегі әлеуметтік мәселелерге назар аударды. Мәселен, ауыл халқы көбіне сапалы медициналық көмекке мұқтаж. Әсіресе, аудан орталығынан шалғай ауылдарға білікті дәрігер және жаңа «Жедел жәрдем» көлігі қажет. Бұл Өмірбек Шаймағанбетовтың ауылдарға барған сайын алдынан шығатын сауал. Депутат осы мәселені тиісті жеріне жеткізді және орайлы шешілуіне атсалысты. Нәтижесінде, Жалағаш ауданының 6 ауылына жаңа «Жедел жәрдем» көлігі берілді. Сонымен бірге 3 ауылға заманауи үлгімен типтік жобадағы емхана салынды. Одан бөлек, бірнеше ауылдың ішкі көшелері ас-

фальтталды. Аққыр ауылының орталығынан ангар типтес спорт кешені ашылды. Бұл заманауи жаңа нысанның жобасы халық сайлаған депутаттың қозғауымен, «Қазақстан халқына» қорының қаржысымен және аймақ басшысының қолдауымен жүзеге асты. Аққыр ауылынан әлемді бағындырған спортшылар шыққан. Дзюдодан екі дүркін Әлем чемпионы Жәнібек Жаксыбектің кіндік қаны осы ауылда тамған. Әрдайым спорттық шараларға деуеші, ал спортшыларға жанкүйер болып жүретін Өмірбек Бердібекұлы Жаксыбек сынды аққырлық чемпионның ізбасарлары шығады деген үмітпен осы нысанның ауыл орталығынан бой көтеруіне мұрындық болды. Қай кезде де елдің тыныштығы, қоғамдық тәртіптің тұрақтылығы аса маңызды. Осы орайда бірнеше ауылдық округтегі уәделік полицияларға жаңа қызметтік көлік берілгенін де айта кетуіміз керек. Міне, осындай игілігі елге ортақ жұмыстардың басы-қасынан үнемі Өмірбектей азаматтық төбесі көрініп жүреді.

Бүгінде зейнет демалысына шықса да, қоғамдық өмірден тысқары қалмай, елдің ертеңгі келешегі үшін, жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін қызмет істеп келе жатқан Өмірбек Бердібекұлының екінші тынысы ашылды. 2025 жылдан бастап Ішкі істер органдары мен Ұлттық Ұлан ардагерлер ұйымының төрағасы болып сайланды. Сырт көзге көрінбегенмен, жауапкершілікті талап етеді. Ұйымның Жарғысы бойынша жүргізілетін жұмыстарынан бөлек, құқық қорғау органдарынан зейнетке шыққан ардагерлердің жиі басын қосып, түрлі шаралар ұйымдастыруда ең алдымен қабілет-қарымды, білім-білігін, өмірлік тәжірибен, ерік-жігерін сынағу тәсілі. Алайда ол кісі осындай қат-қабат жұмыстардың барлығына төзімділік таныта жүріп, аса жауапкершілікпен қарайды. Қисайғанды түзетіп, жыртылғанды бүтіндеп, жоғын түгендеп жүреді. Одан бөлек, былтырдан бері Темірбек Жүргенов атындағы қоғамдық қордың төрағасы болды. «Нар жолында жүк қалмас» деген гой бұрынғылар, бұл да елжанды азаматқа артылған үлкен сенім. Өмірбек Бердібекұлы – Темірбек Жүргеновтің ұрпағы. Бүгінде Қор төрағасы ретінде қоғам және мемлекет қайраткерінің өмір жолы мен артында қалған құнды мұраларын зерттеп, оны жас ұрпаққа насихаттау бағытында белсенді жұмыс жасап келеді.

Өмірбек ағам өз өмірінде, қызметтік жолында жақсылардың шарапатын көп көргенін жиі айтып жүреді. Бірде «Жанакорған шипажайында» демалып жатқан қазақтың қайсар ұлы Қасым Қайсеновтің батысын алыпты. Сол кездесуде Қасым Қайсенов: «Өмірбек інім, ерлік тек соғыста жасалмайды, нағыз ерлік – әр адамның бейбітшілікті сақтауға қосқан үлесі. Маман ретінде де, азамат ретінде де қоғам тыныштығын сақтау жолында еңбек етіп келе жатыр екенсің. Ендеше, міне, нағыз батыр сен және өзің секілді азаматтар. Қане, қолыңды жай, батамды берейін. Құдайың төбелде тұрсын, дұшпаның табаныңда жатысын. Жүзің жайдарлы болсын, сөзің айбарлы болсын, жолыңда жау тұрмасын! Әумин!» деп бетін сипапты. Бағамен ер көгеретінін бұрынғылар бізден бұрын айттып кетіпті. Аядай ауылдан шығып, аймаққа аты ерте танылған Өмірбек Бердібекұлы да үлкендердің батысымен, жақсылардың шарапатымен орта жастан ауды. Енді әрі қарайғы ғұмыры да абыроймен, мәнді, мағыналы, өнегелі жолмен жалғаса беретініне шүбә жоқ.

Қуат АДИС,  
Қазақстан Жазушылар және  
Журналистер одағының мүшесі

## ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП, ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Ел қауіпсіздігі – әрбір әскери қызметшінің қасиетті борышы. Ал сол қызметтің тасасында сарбаздардың денсаулығын күзетіп, қиын сәтте алғашқы көмек көрсетуге әрдайым дайын тұратын медицина мамандары бар. Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген әскери сала маманы, мейірбике Айнұр Нұрмаханқызы – кәсібіне адал, ел сенімін ақтап келе жатқан білікті маман.



Айнұр жастайынан медицина саласына қызығып, адам жанына араша болуды армандады. 1996 жылы медициналық колледжде медбике мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1999 жылы оқу орнын сәтті тәмамлады. Еңбек жолын 2001 жылы облыстық аурухананың жансақтау бөлімінде бастаған. 2016 жылға дейін осы бөлімде үздіксіз қызмет етіп, тәжірибе жинақтады. Жансақтау бөлімі – кәсіби шеберлік пен төзімділікті талап ететін күрделі сала. Ауыр халдегі науқастарға жедел көмек көрсету, реанимациялық іс-шараларға қатысу, адам өміріне араша болу оның күнделікті қызметінің бір бөлігі болды. Бұл кезең оның медициналық біліктілігін шыңдап, жауапкершілігін арттырды.

2017 жылдан бастап Қызылорда қаласындағы 5547 әскери бөлімінде қызмет атқарып келеді. Қазіргі таңда жедел мақсаттағы 1-батальонның 2-ротасында аға маман санитарлық нұсқаушы.

Әскери саладағы қызмет тек медициналық біліммен шектелмейді. Бұл – темірдей тәртіп, шұғыл әрекет, физикалық және моральдық дайындықты талап ететін жауапты міндет. Айнұр Нұрмаханқызы жеке құрамға алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, сарбаздарды тактикалық медицина негіздеріне үйретеді, далалық жаттығулар

арқылы медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Қиын жағдайда сабыр сақтап, жедел шешім қабылдай білу – оның басты кәсіби қасиеттерінің бірі.

Ұзақ жылғы мінсіз қызметі үшін ол бірқатар марапаттарға ие болған. Әскери саладағы үлгілі қызметі, кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі үшін Алғыс хаттармен, Құрмет грамоталарымен және ведомстволық марапаттармен наградталған. Бұл – оның адал еңбегінің нақты дәлелі.

Айнұр – аяулы жар, үлгілі ана. Жұбайы Әскербек Сунақұлымен бірге төрт бала тәрбиелеп отыр. Қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алып жүру үлкен күш пен төзімділікті қажет етеді. Айнұр Нұрмаханқызының өмір жолы – кәсібилік пен патриотизмнің, отбасы құндылығы мен адамгершіліктің жарқын үлгісі.

Фатима МАРАТҚЫЗЫ,  
ҚР Ішкі Ұлттық ұланы 5547  
әскери бөлімінің қызметшісі

## Ақ әже

1961 жылдың қыркүйек айының бірі. Алғашқы қоңырау. Мектепке балалар жиналуда. Мен де анама еріп бірінші сыныпқа бардым. Ол кезде әкелердің жұмыстан қолы тимейтін. Мектепке балаларын түгелге жуық аналары ертіп апаратын. Бізді бірінші сыныпқа Күзенбай Сариев ағай қабылдап алды.

Бір кезде шашына ақ бантик таққан, үстінде мектеп формасы бар сары қызды анасы ертіп келді. Ағай анасын танып, «Жұмақұл, қызының аты кім?» деп сұрады. Қыз жұлып алғандай «Менің атым – Сәлима» деп тақ ете қалды. Ағай аңтарыла қарап, анасына бұрылып, «Мына қызың болайын деп тұр екен» делі.

Сәлима бізбен бір сыныпта оқыды. Бастауыштағы сынып жетекшісі Күзенбай ағаймыз әр оқу жылының аяғында ауыл сыртына экскурсияға апаратын. Жұмақұл апамыз аспаз балалықтан Сәлимаға неше түрлі тағам дайындап, сумкасына асып беріп жіберетін. Ауылдан 3-4 шақырым ұзағаннан кейін айнала отырып үйден алып барғанымызды жей бастағанда, Сәлима сумкасын ашып: «Келіндер, бірге жейміз» дейтін. Жастайынан көпшіл болып өсті. Анасынан көпшілікке тамақ істеудің қыр-сырын үйреніп шықты. Ол кезде шаруашылық мың гектарға жуық күріш егеді. Жазда күріштің отағына, күзде жатып қалған күрішті оруға оқушыларды жұмылдыратын. Біз бесінші сыныптан бастап осы науқанды жұмысқа араластық. Аспаз міндетті тұрды екенімен, анасымен бірге жұмысқа шығып кетті.

Егістің басындағы қоста жұмысшылар мен механизаторларға анасы екеуі аспаз болды. Тыным жоқ. Біреулер ерте кетеді, түнгі ауысымға шығатындары кеш кетіп жатады. Оларға түнгі он екіге тамақ дайындап, арнайы ыдыстарға салып беріп жіберу де Сәлиманың мойнында. Таңғы сағат төрттен түнгі сағат бірге дейін тыным таппайды.

Ауылда күріштің көп егілетіні сондай, көрші ұжымшарлардан күріш егуде, оруға техникалар тартылатын. Дақыл біткіл шыққан кезде тасуға әскери машиналар шақырылатын. 1971 жылдың күзінде көрші Желек ауылынан ұзын бойлы, сымбатты Серік деген жігіт қоймағымен кемеке келді. Қоймағын түсте, кешке тамақтарын жұмыс басына апарып бергенімен, қонаға қосқа келетін. Қос басында Серік Сәлимаға бір көргеннен ғашық болады. Солай жүріп екеуі тіл табысады. Келесі

жылы Сәлима он тоғыз жасында, яғни 1972 жылдың 18 шілдесінде Серіктің отанына келіп болып түсті, жырмыра жылда он бір құрсақ көтерді. Біреуі жастай шетінеп кетіп, он баланы екеулеп өсіріп жеткізді. Серік жарына адал, еңбеккер, қолынан іс келетін ісмер жігіт болды. Бір жылдары кеңшардың жүгерісі керемет өсіп, соныбын жинайтын қоймағын табылмай қалды. Бірден ойластырып, жүгерінің собығын жинайтын қоймағын жасап шығарды. Бұл тәжірибесін аудан жоғары бағалады.

1997 жылы Серік ауылға тиесілі жерден өз отбасының үлесін алған еді. Өзі 67 жасында 2014 жылдың желтоқсанында қайтыс болды. Сәлима белді бекем буып, балаларына жерді бес жатқызбай күріш егетік, малдың басын көбейтейік деп ұсыныс тастайды. Бес ұлы Берік, Баубек, Айбек, Нұрбек, Жандос және бес қызы Гүлмира, Жанар, Гүлбану, Әлмира, Айкерім, келіндері Саулуғаш, Назерке, Қымбат, Рауза, күйеу балалары Нұрлан, Қанат, Болат, Слама, Айдос бұл ұсынысты бірден қолдайды. Деруе техникалар ала бастайды. Үлеспен алынған жердің басына үлкен үй, малға жайлы қора салды. Онда төртінші ұлы Нұрбек отбасымен бірге көшіп барды. Сәлима осы Нұрбектің қолында, немерелерінің қасында. Ауыл мен шаруа қожалығы орналасқан жер жақын болғандықтан, кенже ұлы Жандос жер учаскесінің басына күнделікті барып, малдың жағдайын жасап тұрады. Шүкір, қазір шаруасы дөңгеленіп тұр. Жылына күріштен мол өнім алып, жүз қаралы ірі қараның сүтін, айранын, майын, құртын күнделікті сатып, саумал, қымыз ішіп, уақ малды қажетті азық-түлік және киім-кешек алуға жаратып отыр. Келіндердің де еңбегі зор-ақ.

Өмір болғаннан кейін қиындық та кездесіп жатады. Үлкен қызы Гүлмира ауыр дерттен қайтыс болды. Артында жары мен төрт баласы қалды. Күйеу бала Нұрлан вахталық жұмысқа он бес күнге кеткенде, Сәлима ауылдан келіп, балаларға бас-көз болады. Олар да әжесіне үлкен бауыр басты. Гүлмираның елден ұлы үйленіп, Сәлима әжеңнің қуанышы қойнына сыймай мөз болды. Өткен жылы немере келін босанып, Астанаға барып шөбересін қырықын шығарып келді. Батыр ана немере-шөберелер ортасында бақытты ақ әже болып отыр.

Шерәлі ҮРКІМБАЕВ,  
облыстық білім саласы  
ардагерлер кеңесінің мүшесі

/// ҚАЗИ ДАНАБАЕВ – 75

Сыр өңірінің айтулы қаламгері Қазиданабаев журналистикада өзіндік із қалдырған тұлға. Оның қаламынан туған өткір мақалалары әрдайым оқырман көңілінен шығатын-ды. Мерзімді басылымда еңбек ете жүріп, өз шығармашылығынан да қол үзбеді. Оның қаламынан туған «Гүлдәурен», «Ақ көптер» хикаяттары, сондай-ақ «Сырдария кітапханасы» сериясымен жарық көрген «Сағыныш екен бала кез» кітабы биік талғамның туындысы. Республикалық «Жалын» баспасының екі мәрте жабық жүлдесін жеңіп алуы суреткерлік талғамының өршіл мінезділігін көрсетсе керек. Бастысы, оның шығармашылығына қарапайымдылық, табиғилық, шынайылық тән. Биыл 8 наурыз күні туғанына 75 жыл толатын тума талант осыдан жиырма жыл бұрын ақырғы аманатын айтқан-ды.

# ҚАЗИ ҚАЛАМГЕРДІҢ СОҢҒЫ АМАНАТЫ



Сексенінші жылдардың бас кезі болуы керек, Қазидана мен Оразбек облыстық радиода кызмет істейтін еді. Ол кезде облыстық радио мекемесі Қызылорда қаласының орталық алаңы маңындағы бес қабатты еңселі ғимараттың төртінші қабатына орналасқан. Қазидана облыстық сот ғимараты. Сөзіміз жараса кеткендіктен де болар, облыс орталығына жолым түскен сайын, қалайда екеуіме жолға кеткенді құп көретінмін. Қазидана есім-соныммен «Жазушы» баспасынан шыққан «Қоқтем тынысы» атты жас ақындар жынағынан таныс едім. Онда жас ақынның балауса бес өлеңі жарияланған-ды. Оразбекті аудандық «Сырдария» газетінде радио хабарын таратушы болып жұмыс істеп жүрген кезінен білемін. Арадағы бірер жыл болмаса, жасы да қарайлас, замандас болған соң бір-бірімізді жатырмамақ-ау. Әрі ауылдың май топырағына аунап өскен балалардың әңгіме ауаны да айналдырып келіп, ауылға, ауыл адамдарына, сондағы оқиғаларына тірелетіндіктен де әңгімеміз өріс алып кетуші еді.

Сол замандардағы бір ерекшелік – шығармашылық адамдары барынша қарапайым, мейірімді де кішіпейіл, көпшіл болатын. Әсіресе, үлкендер өзінен кейінгілерге көмектесісі келіп елгезектік танытатындығы ше. Мәселен, Сәбит Мұқановтың майданнан оралған жауынгер Әбдіжәппар Нұрпейісовті бауырындай көріп, үйіне жатқызып, шығармашылығының канат жаюына жол көрсетуі еске алатын. Мұндай қамқорлықты өзіміз де алдыңғы толқын ағалардан көп көрдік. Асқар Токмағанбетов, Оспанхан Әубәкіров, Қалдарбек Найманбаев... ол енді бөлек әңгіме. Жоғарғыдағы менің себеппен Қазидана мен Оразбекке жиі келіп, төртінші қабаттағы бір бөлмеде қатқан прятникпен шәй ішіп отыратын қызық та думанды кездер есіме түседі кейде. Қазекен жастарға арналған «Сыр толқыны» атты хабардың редакторы болғандықтан менің ауыл жастарының өмірі, еңбек адамдары туралы жазған суреттеме, репортаждарымды жиі шығарып отырушы еді. Ара-арасында әзіл-сықақтарыма да орын беріп қоятын бар. Кейіннен бұл ортаға Бексейіт Шайланов пен Жалғасбек Аманов та араласты.

Токсан сегізінші жылы облыстың аға басылымы «Сыр бойы» газетіне кызметке шақырылғанымда байырғы екі досым алдымынан құшақ жая қарсы алды. Тағы да шүйірлеске кеттік. Бас редактор Жаксылық Рахматулла мені Қазидана басылық жасайтын «Руханият» бөліміне жіберді. Ақын Дүйсенбек Аяшұлы екеуіміз сол бөлімнің тілшілеріміз. Дүйсен төре поэзия жанрына қараса, маған прозалық материалдарды қорытуды тапсырды. Қазидана шығармашылықты құрметтеп, құнттайтыны соншалық, кейде редактор тәртіп салған кей туындылар әдеби талап тұрғысына сай келмесе ымыраға келмейді, «жарамсыз» деп бірден архивке жібереді.

«Руханият» бөлімі тілшілеріне аптасына қаладан, аудандардан кемінде төрт-бес жаңалық тауып, секретариатқа ұсынып отыру тапсырылған. Қаржылық тапшылық кез ғой, облыстық газетте бөлім менгерушілерінен өзге төрт-бес-ақ журналист бар. Аптасына үш рет жарық көретін дастарқандай газет қомбайн секілді, көлдей мақала мен кішкентай хабар-ошарындар лезде жұтып, «тағы не бар?» деп аузын ашып тұрғаны. Бастысы, материалдар сапалы да мазмұнды болуы қажет.

Қандай да тапсырма құлағына тисе, онсыз да мазасыз жауапты хатшы Рәсул ағамыз тызылдап, қолына материал тигенше төбемізге жаңғақ шағады. Босқа сөз естіп қалмайын деп біресе қаламына, біресе телефон құлағына жармасып, жанталасып жүргенім. Оның үстіне апталық жоспарда бекітілген өз мойнындағы мақала тағы бар дегендей. Ал бөлмелес серігім – ақын Аяшұлы осы

шаруалармен қатар «Махаббатпен» айналысып кетеді. Басылымның аптасына бір мәрте шығатын «Махаббат» қосымшасын айтамын. Сондай қарбалас шақтарда қабақ шытып жүрген біреуді көрмейсің, жылу жүйесі орталықтан ажыратылған суық редакцияда қағазға шүкшінен қаламгерлер. Қарала күйе газет мәкетін баспахана мен редакция ортасында зыр жүгіре тасып жүрген секретариат қызметкерлері, корректор, кезекші журналистер...

Баспасөз билік пен халық арасындағы алтын көпір, бәрі қоғам үшін, халықтың ертенгі болашақ үшін деген сенім мен жауапкершіліктің жүгі босануға тіптен жібермейді. Басқаша ойлауға қарбалас жұмыстан мұрша да жоқ сол тоқсан тоғызыншы жылдың ағымында бас редактордың орынбасарлары – Оразбек Мақсұтұлы, Әскербек Рахымбекұлы, бөлім менгерушілері – Қазиданабаев, Әбдібай Уәлиев, Жолдасбек Ақсақалов, Қайырбек Қорасани, Ақберген Ержанов, Айжарық Сәлібекұлы, тілшілер Айғали Қарабаев, Қаныбек Әбдуов, Әділжан Үмбет, Айнұр Тұңғышбаева, фототілші Болат Омаралі, суретші Қуаныш Тышқанов, корректорлар Кенжебай, Гүлзипа, Әсия және машбюродағы қыздар – Бейсенкүл, Жаңылған, Бақыт, Сәуле, компьютер орталығындағы Базарбай, Гүлмира, есеп бөліміндегі Дүйсенкүл, Кенже, т.б. қызметкерлер – бәрі-бәрі де ортақ іске қоғалай жапырылушы еді. Уақытпен санаспай еңбек еткен ұйымшыл жандар «Сыр бойының» ауыр жүгін бөле көтерісіп, аймақтың аға басылымының 70 жылдығы қарсаңында газеттің абыройын асқартып тұрды. Міне, осы ұжымның ұйытқысының бірі, біздің қадірлі досымыз Қазидана болатын.

Жазушылығымен де, журналистік шеберлігімен де елге кеңінен танылған Данабаев расында көбімізге ақшылы, қамқоршы, жанашыр жан еді. Жалпы жұртты алауашылығы жоқ әріптесіміз өзінен жөн сұраған адамға шын пейілімен көмектесісі келіп, білгенін сарқа айтудан, үйретуден асте танған емес. Өзі де келісті, сырбас жан еді ғой, жатырмамай, өз жанынан бұрын сенің жағдайыңды ойлап, қоғамның сырқатын емдегісі келіп аласурың жүрсе де, қарапайым да маңғаз қалпынан бір танған емес.

«Жазушы – қоғамның сүйегінен адамның жанын іздейтін бейбақ» деп Асқар Сүлейменов айтпақшы, Қазекен болған оқиғалар ақиқатын ашып, шыншыл фактілерді оқырман көз алдына келтіре алатын, қабылдауға қолайлы пішін беретін шеберлігі толысқан қаламгер екендігін әлденеше рет дәлелдеген, өз ойы, өз өрісі бар азамат болды. Оның мен әңгімелесу барысында ойыңды нақты айтуға және де оны қорғауға шыныға беретініңді байқай бастайсың. Расында адамның өз ойын айтып жеткізе алмай осыдай болса, өз ойының болмауы одан да үлкен олықтық қой, бұл тараптан оның әріптестеріне, жақын жүрген азаматтарға берген өнегесі аз емес еді.

«Мақала үстірт жазылауы тиіс, журналист өзі араласқан мәселені бүге-шігесіне дейін зерттеп, етене араласып кетуі керек, сонда ғана оның мәні ашылады» дейтін ол редакцияның алқа жиынында. Қазидана нәрсені қай кезде, қалай айту тәсілдерін жетік менгерген майталман қаламгер болатын.

Аймағымыздан экологиялық жеңілдіктерді алып тастау жөнінде сол кездегі облыс басылымының бірінен сөз шығып, осыны насихаттау барысына біршама басылымдар бөленсе кірісініз те кеткен кез еді, сол шамада республикалық беделді басылымдардың бірінде журналист Қазиданабаевтың «Әкім әлем халқын қалай алдамақшы болды?» деген көлемді мақаласы жарқ ете қалды. Өте өткір және де идея авторы сыңа ұшыраған материал еді. Расында экологиялық зардап салдары бар деп танылған аймақты қалай тап-таза етіп шығаруға, ол жерде өнген өнімдерді кіршіксіз деп қалай айтуға, бұл пі-

кірді көпшілікке тықпалауға кімнің дәті баруы мүмкін?!

Осы жарияланымнан соң ілешала жергілікті кадрларды қудалауға ұшыратқан бір мекеме басымысының жұмыс стилін сыңа алған екінші мақаласы да «Жас Алаш» газетінде жарық көре қалды. Бұл кісініз де жоғарғыдағыларға жақын жүретін, жұғымы бар адам екен, мұнан соң біздің газет басылымына тықыр таянып, соңында журналистің үлкен кабинетте ықпалды кісімен бетпе-бет кездесуіне тура келеді. Келген соң болған жайтты қысқаша әңгімелеп берді. Екеуара әңгімелесу барысында Қазиданабаевтың фактілерді түгел дәлелдеп, өз ойына дәкейді де іліктіреді. «Дегенде, – деді ол әңгімесінің соңында, – Басылымның түпкі ойы шынында жөн секілді, аймаққа экономикалық пайдасы бар екендігін аңғардым. Тек онысын жұртшылыққа дұрыс түсіндіре алмады» деді ол қашанғы шындық сөзге мойынсынатын әлгіне басып. «Адам болған соң қателеседі, сүрінеді, жығылады, тұрады. Бұл әр пендеде болатын жағдай. Мас болуы да, біреуді тілдеуі де мүмкін. Мұның бәрін кешіруге болады, тек өтірік айтқанды, жұртты ақымқас көретін өтірікшіні кешірмеу керек» дейтін мінезі де әлі есімде.

«Қайырда қалған кеменің капитаны» атты сын мақаласында сол кездегі білім саласындағы жүйесіздіктер талданып, білім министрі сыңа алынды. Көп ұзамай бұл шенеунік те қызметінен қоштасты. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген осы болса керек.

Ол кездері газеттің, журналистің беделі зор еді, редакциямызға өз ортасынан забір көргендер, шындықтың ауылын іздегендер жиі келетін-ді. Әділдік жолында газет қызметкерлері де ел-елді кезіп, оқиға ортасында болуға ұмтылып, алашақылар болып жататын-ды. Басымысың қалған да мақтауға оншалықты еліре бермейтін, атқарған қызметін міндетім деп түсініп, орынды сын болса, мойындап, оны қалпына келтіруге тырысып жүретінін байқар едік. Қоғамдық өзгерістерден кейінгі қаржы тапшылығының әлі де етектен басып тұрған кезеңі ғой, журналистердің де жалақысы мардымсыз, бір айлығы екінші айлығына жетпейтін, өзеге түсірер көлеңкесі шамалы шағы. Сондайда әріптестеріміздің «Өзің диуанасың, кімге пір боласың?» дейтін сізсіз әзіліне Қазидана «Журналист – қалқан ғой, қалқанды ешкім де, ешнәрсе де қорғамайды» деп шындап жауап беретін. Расы да солай ғой, жұрт сенген қаламгер өз жағдайын қамдап, ықтап кетсе, қоғамдағы келеңсіздіктерді кім су бетіне шығарады, кім болашаққа қамқоршы болады?! Осы ұстанымның басында әрдайым Қазиданабыз жүрді. Ол қашанда шындықтың жүзіне тура қарады және онысын ешкімнен жасырмады, бүгежектемеді. Оның қыбын табу қиын еді, жағымпаздарды жақсы көрмейтін, ал көпелі іске қашанда басын иіп өтті. Осы қасиеті үшін бас редакторымыз Жаксылық Рахматулла, редколлегия мүшелері оның уәжине тұрып, құрмет тұтты, сыйлады. Солай болуы заңдылық еді.

Мұнай өндіру саласындағы шетелдіктердің қандастарымызға әлеуметтік теңсіздік жасалуын зерттеуде екі-үш күн сол жақта қона жатқан кездері де болды. Қашанда шындық жағында жүретін Қазекен бұл жағдай туралы бірнеше сериалы мақалалар жазды. Сол кездегі облыс әкімі И.Адырбековтің журналист деректеріне ден қойып, қолдау білдіргенін де ұмытқанымыз жоқ.

Қазидана әзілге де бейім еді. Редакция дәлізінде кездесе қалғанында оның Ақберген ағамен қалай сәлемдесетіні көз алдыма келеді. Екеуі екі жақтан шұқыраса келіп, аяқтарымен тебісіп амандасып жататын. Бір қарасан баланың ойыны секілді, дап-дардай адамдар, өздеріне салсаң, сірескен қалыпты әзілмен сөйнеткені. Қастөм киіп, галстук таққанын да сирек кө-

ретінбіз, иығына тек қарапайым тоқыма киімдерді іле сала көп ішінде момақан қалып танытатын еді-ау. Ал корректор Кенжебай екеуінің ойлап таппайтындары жоқ. Екеуі бір кәсіпті бастап, сөзімен аста-төк байлыққа келініп жатқаны. Әсіресе олардың бұл ойыннан хабарсыз сырт кісі тұрса тіптен жанып кетеді. Бірде Кенжебай бөлмеге екпіндей кірді де:

– Бүгін ашуым қатты келіп тұр. Кеше әкелген жап-жана Джипті есік алдына қойсам, балам гаражға кіргіземін деп бір бүйірін оңдырмай соғып алыпты! – деді бөлменің ортасында талтайып тұрған күйі. «Ойпырмай, мынаның фантазиясын-ай!» деп мен отырмын. Тақымында автокөлік түгілі велосипеді жоқ Кенжекең қалай-қалай көсіледі. Токсаныншы жылдардың аяқ кезі ғой, барлық жерде тапшылық, тиісті азғантай айлық-жалақымыз қолға зорға тиеді. Кейде ақша орнына күршіс не басқа заттар берсе де шүкіршілік етеміз. Ал корректор «кәсіпкеріңіз» ісіп-кеуіп болар емес. «Бү не деген ағыл-тегіл молшылық?!» Осы оқиғаға куә болып отырған ақын қонағымыз аңта қалпы оның сірісі ақ жем топшы мен жөні қырыла бастаған көнеуле кәстөміне күмәндана қарап қалыпты. Ал Қазидана әлгі әрісттік рөлінен шықпаған күйі:

– Не деген саран адам, – деп қойды. – Қап-қап ақшасы болса да, үстіне бір дұрыс киім кимей осылай жүре берді... деп күбірлеп қағаздарын аударыстырып кетті...

Қазидана Кенжебайдың әлгідей ойындарына талай куә болып жүрген менің өзім де бір рет арандап қала жаздағаным бар. Бағғы бөлме, газеттің қарбалас жұмысынан қол босаған бір сәтте Кенжекең Қазидана екеуімізге «тапсырма» бере бастады. Іште басқалар да бар, мұндайда корректордың қиялы өрлеп, өркендеп кетеді. Әңгіме ауанынан байқап отырғаным, екеуі жүз бас баспақ алып, малдарын Қаратаулың баурайында біреуге «баққызып» қойыпты. Айтуынша, бақташы менің танымсым секілді. Сондағы жағдайдан хабардар болып, апта сайын барып-келіп тұруым керек екен. «Уазиқ әперіп қоямын» дейді жарылқаушымыз. Ал Қазидана 20-30 тонна жем тауып, сонда жеткізуі керек. «Кәсіпкер басымыздың» қарқыны тіптен қатты, бәрін өлшеп-пішіп жалтаруға тіптен мүмкіндік берер емес. Бұл сыбыс бас редактор Жақанның да құлағына тиіпті. «Үшеуің жақсы шаруаны қолға алған екенсіңдер. Мал ұстаған жақсы – атакәсіп!» деп алып: «Айлық тиген соң, мен де қораларына екі баспақ қосып қояйын, өзін бас-көз болып жүрерсің» деген бұйымтай айтады. Со жолы әріптестерімің құпиясын ашуға бата алмай, үнсіз кеткенмін. Содан жексенбі болса уайым: «Екі баспақты әкеле қалса, қайда сыйдырамын» деп ойлаймын ғой. Абырой болғанда, Жақанды да әлгі шаруақорлығын ұмытып кетті ғой деймін, қайта мазаламады.

Иә, қалыпқа сыймайтын, бұғаулап, бүркеп ұстауға көнбейтін басы асау күйі өмірден өтті. Қазидана дос. Сонғы сөзінің бірінде еліне былай аманат айтты:

«Сен аман бол, Қазақстан! Көтеріп көк жиектен делегейін, Келесің ақ бауырлы кемедейін. Мен болмасам болмайын Қазақстан! Сен аман бол, Сен үшін мен өлейін. Сенсіз өмір болады қалай маған, Шандақпын шартарпақа жел айдаған. Қаңқырып жүрер едім қай бұрышта, Қазақстан бермесе арай маған. Амансың ғой... Барсын ғой... Орныңдасын. Орныңды таппай Құдай қор қылмасын...»

Нұрмахан ЕЛТАЙ,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі



## Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің 2025 жылдың қорытындысы бойынша атқарылған жұмысы

Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті Қызылорда облысы аумағындағы республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, оның ішінде жекешелендіру, жалға, сенімгерлік басқаруға беру, теңгерімнен теңгерімге беру және т.б. функцияларды жүзеге асыратын ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Департамент өз қызметі шегінде есепті 2025 жылы бірқатар жұмыстар атқарды. Атап айтқанда, жекешелендіру бойынша мемлекеттік ұйымдардың ұсынысына сәйкес саудасаттық кестесіне 50 нысан енгізіліп, оның 40 нысаны сатылды. Нәтижесінде, республикалық бюджетке 78,8 млн теңге түсім түсті.

Мемлекеттік ұйымдардың теңгеріміндегі бос алаңдарды тиімді пайдалану мақсатында олар мүліктік жалға беріліп, бюджетке 26,1 млн теңге түсім түсірілді.

Сонымен қатар, Департаментпен мемлекет меншігіне тәркіленген мүліктерді әрі қарай іске асыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, аукцион арқылы тәркіленген мүліктер сатылып, бюджетке 23,1 млн теңге түсім түсті. Оның ішінде автокөліктер, жанар-жағармай, компьютерлік техника және т.б. мүліктер бар.

Сондай-ақ 2025 жылы республикалық меншіктен коммуналдық меншікке мүліктерді беру бойынша 35 шешім қабылданып, 43 алыс-беріс актісі бекітілді. Ал коммуналдық меншіктен республикалық меншікке мүлік беру бойынша 26 алыс-беріс актісі рәсімделді. Бұдан бөлек, республикалық мемлекеттік мекемелер арасында мүлік беру бойынша 17 бұйрық рәсімделіп, 19 алыс-беріс актісі бекітілді. Негізіннен теңгерімнен теңгерімге беріліп жатқан мүліктер бұл мемлекеттік ұйымдардың қажеттілігіне орай олардың қызметтерін қамтамасыз етуге арналған ғимараттар, автокөлік құралдары және да басқа мүліктер болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі №1103 «Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттік мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес, Департаментпен 1 сыйға тарту шарты жасалып, жеке кәсіпкерден 1 дана мүлік мемлекет меншігіне қабылданды.

Р.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,  
Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аққұм Жер» ЖШС әкімшілігі серіктестік қатысушыларының назарына 2026 жылдың 12 наурызына жоспарланған жалпы жиналыстың кейінге қалдырылғанын хабарлайды.

Жиналыстың ауыстырылуы 2026 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасында жаңа Конституцияны қабылдау бойынша өтетін республикалық референдумға байланысты.

Жалпы жиналыстың өткізілетін нақты күні, уақыты мен орны туралы қосымша хабарланатын болады.

«Аққұм Жер» ЖШС әкімшілігі

## Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,  
«Қызылординские  
вести», «Ақмешіт  
апталығы»,  
«Ақмешіт жастары»

және аудандық  
басылымдарға  
жарнама  
орналастырғыңыз  
келсе:  
70-00-52 телефоны  
арқылы  
байланысуға  
болады.



Қазақстан бермесе арай маған.  
Амансың ғой...  
Барсын ғой...  
Орныңдасын.  
Орныңды таппай Құдай қор қылмасын...»

Нұрмахан ЕЛТАЙ,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

E-mail: smjarnama@yandex.kz



Жаңақорғандық Роза Қоңыратбаева 36 жылдан бері колөнермен айналысады. Жақында оны шеберлер фестивалінде кездестірдік. Өнері жайында, қазір киізден қандай бұйым жасап жатқанын, ізін басқан шәкірттері туралы әңгімелескен едік. Он саусағынан өнер тамған жан бүгінде колөнер шеберлері ұйымында белсенді еңбек етеді. Түрлі шеберлік сағаттарын ұйымдастырып, білген-түйгендерін кейінгі буынға үйретеді. Ұршық иіру, кілем тоқу, тұскізіз, текемет басу, киізден түрлі бұйымдар жасау оның кәсібіне айналған.

## Ұршықта шираған ұлт қазынасы

Ол 1991 жылы университет бітіріп, ауыл мектебіне мұғалім болып орналасады. Оқушыларға көркем еңбек пәнінен сабақ береді. Жанына жақын мамандығы одан әрі шарттандырып, Түгіскен ауылындағы өнер мектебінде қосымша балаларды колөнерге баулиды. Шәкірттері облыстық, республикалық шеберлер байқауларынан олжалы оралып, ұстаз мерейін үстем етіп жүр.

— Анам шебер, қолы алтын кісі еді. Айналасы еңбегін жоғары бағалайтын. Туыстың, көрші-қолаңның текеметін басып, кілемін тоқып беретін. Әкем шопан болды. Жабағы, күзен жүннен киіз басатын едік. Ол кезде ақша тапшы. Үй жабдықтарын қолдан жасаймыз. Бір мезетте 6-7 текемет басып, оны базарға өткізіп, кәсіп еткен кездер де болды. Солай анамыз әуелі текемет басуды үйретті. Қойдың жүнін тазалап, шыбықтатайын. Кейін жіпке айналдырып, түрлі бұйым да тоқыдық. Жаз бойы кілем тоқып, еңбек еттік. Өулетте жеті қыз болдық. Бәрі де ісмер әрі шебер. Көбіне түкті кілем сұранысқа ие. Қаниқулда кілем тоқудан қол босаймын. Өрнегін салуда ерекше әсем дүниелерді таңдайтын едік. Өзім түрлі әдемі салғандықтан анам үнемі маған қолқалайтын. Тіпті көпшілік те мені шақыратын, — дейді шебер.

Роза мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түсті. Бірақ колөнерден қол үзбеді. Қайта ізденіп, дамытты. Текемет, кілем түрлерін бүгінгі заманға лайықтап жасады. Қыз-келиндерше арналған орамал, шәліні де киізден ою-өрнегін салып, жібек матаға сәнді етіп, шығарды. Онысы көздің жауын алады. Сондай-ақ 2004 жылдан бастап шеберлер ұйымына кірді. Еліміздің түрлі қалаларында болып, колөнердің қайта жандануына, заманауи тұрғыда қолданасқа енуіне атсалысып келеді.

— Тақыр кілем тоқуды барынша зерттедім. Әсемдігі мен ерекшелігіне баса назар аудардым. Содан бұлар көпшілік қызығушылық танытады. Халықаралық байқауларға да осы тақыр кілемді алып шықтық. Жаңа технологияда шәлі басуды да насихаттап жүрмін. Кеше ғана Астана қаласында өткен республикалық семинарда нанотехнологиямен шәлі басудан шеберлік сабақтарын өтіп келдім. Киіздің пайдасы ұшан-теңіз. Қойдың жүні суыққа төзімді әрі емдік қасиетке ие. Бұрын біз қойдың жүнін қалай жараттық. Қырқып, тазалап, тарап, түтін бұйым жасадық. Қазір оған сұраныс жоқ. Сол себепті шаруалар ортеп келеді. Ал ауыл адамдары маған қажет болғандықтан, үйге әкеліп береді. Есесіне, киізден ұлтарақ жасаймын. Ол табаннан

суық өткізбейді. Етіктің іші суланып кетуден сақтайды. Иіс шығармайды. Киіз басу арқылы жаңа туындыларды да шығарамыз. Көлікке арналған көрпеше, орамал сынды. Көпшілік киіздің иісі болады деп ыстық сумен жуады. Бұл дұрыс емес. Себебі табиғи қасиетін жоғалтады. Текеметті басқанда қарып, білектеген кезде-ақ өзі тазарады әрі иісі болмайды. Жылына бір рет тек жылы сумен шайып алған дұрыс. Қызығушылық танытқандарға үнемі осыны ескертіп отырамын. Мәселен, мен қойдың жүнін алдымен шыбықпен сабап аламын. Шыбықты сөмбі талынан жасаймын. Әдемі талдырмаш, биязы болып шыға келеді. Одан әрі шүйкелен аламын. Балаларға, үлкендер мен жас босанған аналарға арнап байпақ та тоқып беремін. Жүннен тоқылған киімдер бұрын ауруларының да алдын алады, — дейді ол.

Сондай-ақ ол ұршық иіруді 7-сыныпта үйреніпті. Қазір қолында анасының, үлкен әжесінің ескі ұршықтары сақталыпты. Кейбіріне жарты ғасырға жуық уақыт болған. Қолы қалт етсе балаларына да үйретеді.

— Бүгін де ұршық иіру жат дүниеге айналғандай. Бұрын әжелеріміз бос отырса да ұршық иіріп отыратын. Қасына тау етіп дөңгелек жіпті жинап қоятын. Біз соны көріп өстік. Әкеміз ұршықты қолдан жасап беретін. Мықты ағаш пен таудың тасын қолданатын. Білесіз бе, қазаққа «ұршықша иіріп» деген тіркес бар. Шаруаны тез үйреніп, іс бастаған кісіні кәсібін ұршықша иіріп кетті дейді. Тіпті айналасын ұйыстырып отырған адамды да меңзейді. Сондай-ақ ұршық иіру адамды төзімділікке, сабырлы болуға, саусақ моторикасын дамытуға да септігін тигізеді. Оқушыларыма да насихаттап, пайдасы жөнінде үнемі айтып отырамын, — дейді Роза Қоңыратбаева.

Сондай-ақ оның айтуынша, ұлттық колөнер — тәрбие көзі. Қыз балалардың ибалы, инабатты болуына, мінезін жібіктей қалыптасуына, салт-дәстүрді бойына сіңіріп өсуіне ықпал етеді. Ақ жаулықты аналарымыздың ізін жалғап, ұлттық өнердің ұлықталуына үлес қосады деп есептейді.

Шебер кейінгі кезде киіздің пайдасы туралы ғылыми жоба жасап, онысын сәтті қорғап жүр. Қолынан шыққан туындыларына қолқа салатындар да, сатып алатындар да бар. Міне, осындай шеберлер барда қазақтың төл өнері жаңаша үлгіде қайта түрленіп, сақтала бермек. Мерекенізбен!

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## Жүніс күлкі, көктемнің ерте кел

Барсаң сонау таудағы бұлақтарға,  
Керемет үні келеді құлақтарға.  
Шіркін-ай, әйелдерде біз сезбейтін,  
Сырлар көп-ау, сырғалы құлақтарда.

Өз Наурыздың атты таңы арайлап,  
Арулармен ажарланды әр аймақ.  
Күтті халық бұл көгілдір көктемді,  
Қайта-қайта күнтізбеге қарайлап.

Олар солай сый сыйлауда тосын ғып,  
Демейміз біз тұқ таба алмай тосылдық.  
Сендерге арнап шын жүректен жыр жазып,  
Жұлдыздарға біз де бірден қосылдық.

Әйел — Ана,  
Әйел — Ару, ертегі ел.  
Сыры жұмбақ,  
Нәзік жанды еркелі ел.  
Аналарым, Аруларым өзіңмен,  
Күміс күлкі, көктемнің ерте кел...

Аруларды келе жатқан гүл ашып,  
Алмаңдаршы тектен-текке жылатып.  
Сезіммен де, сеніммен де аялап,  
Жүріңдерші жылы сезбен жұбатып.

Сендер үшін ата берсін ақ таңдар,  
Сырлы өлемнің сұлулығын сақтаңдар!  
Сендерсіңдер отбасының тірегі,  
Тіршіліктің тауқыметін тартпаңдар!

Әйел анық,  
Әйел — бақыт, береке,  
Әйелдерсіз керілмейді кереге.  
Күтты болсын,  
Аналар мен Арулар,  
Көктемдегі желген мынау мерекелі!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ



### ЖАҢА КІТАП

## «МАНДАЙДАҒЫ ІЗ»

Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Бейбітбек Бүркітбайұлының «Мандайдағы із» атты жаңа кітабы жарық көрді. Кітапқа қалам иесінің жыр шумақтары жинақталған.

«Журналистикада жүргенде халықтың мұң-мұқтажын жырлаған алдаспандай қаһарлы қаламы қазірде сыршыл, сезімтал, астарлап айтып атан жығардай құмбыл сияға малына бастады. Заң мен талапты талдап жазатын кешегі тілшінің тілінен енді сұлулық, нәзік бір болмыстар өріліп, Алла мен адам арасындағы, ана мен бала арасындағы махаббатты жырлауға ауысқан. Соған қарап отырып талант уақыт талдамайды екен-ау деп тамсана-сың.


«Мандайдағы із» деген кітаптың атауы да осы терең өжнімнің қатпарындағы сан қилы сырды ақтарады. Адамның мандайына із қайдан түседі, әрине тағдырдың тартқан шанасынан түседі. Алла жазған жазумен із қалады. Алла

жазған жазудың да із болып өзгеге өнеге берері бар, өнеге бермеіс бар. Саралап аларымыз бар, даралап қарарымыз бар. Осының барлығы өлеңдерінің тұла бойына жасырып, оқырманға ұсынып отыр».

Кітаптың алғысөзінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сәкен Алдашбаев осылай пікір жазыпты:

— Тағдырымның дәмі қалған таңдайда, Мөрімнің ізі қалған мандайда.

Қуаныштың әні көкте қалықтап, Қиындықтың мұңлы сазы сарнайды, ә, — деп келетін өлеңінде автордың адам тағдырына жазылған тұрмыс-тіршілік көрінісі туралы ой-



пайымы ақтарылған. Жалпы 10 баспабақтан тұратын 146 беттік кітапта қаламгердің өмірдің әркілі сәтінен түйген өлең шумақтары берілген.

«СБ» ақпарат

## Төркін сыбаға

Адам өмірінде ұлттық құндылық дамудың алдыңғы сатысында тұруы керек. Ұлттық құндылығы сақталмаған ұрпақтың келешегі кемел болады деу бекер сөз. Бүкіл ақпарат ғаламторға жүктелгендіктен ой тую, іздену деген ұғым тысқарылап бара жатқандай. Бүгінгі жас ұрпақ оқып ізденгеннен гөрі ғаламтор көмегіне жүгінгенді жөн санайды. Осы тұста келешек ұрпақтың ой-өрісі тоқырауға түспей ме деген күмәнді ой санадан сығалап тұрады. Қоғамда болып жатқан дүниенің жақсысы бар, жаманы бар. Өркім керегінше ала отырып, өзіне ой түйеді. Келешек ұрпақтың санасына ұлттық құндылықтарды сіңірту мақсатында Ғани Мұратбаев мемориалдық музейі «Төрдегі сөз» сырлы сұхбат айдарымен өткен жылдан бері жүйелі жұмыс атқаруда.

Ұлт құндылығының мәйегі — халықтың дәстүрі мен салт-санасы. Қазақ халқының көнеден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі — «Төркін сыбаға». Ұстазымыз қызға төркінінен берілетін сый — құрмет пен ізеттің белгісі. Осы



игі дәстүрдің жалғасы ретінде Ғани Мұратбаев мемориалдық музейі қор сақтаушысы Жұлдыз Ерболқызына әкесі, Шиелі ауданының тұрғыны Ербол Балтабеков қараша үйді төркін сыбаға ретінде тарту етті. Музей ұжымы бұл игі бастаманы

қолдап, көктемде қараша үйді музей алауына тігіп, құнды жәдігерлермен толықтыра отырып, ашық аспан астындағы музей ұйымдастырды. Бұл бастама ұлттық мұраны жаңғыртудың нақты көрінісіне айналды. Қазалыға қараша үйді жіберген Ербол Балтабеков

ағамызға музей ұжымы атынан алғыс білдіреміз. Көрермендердің көңілінен шыққан бұл жұмысты ұйымдастыру барысында қараша үйде көнекөз қариялармен, шежіреші шешен, сөз зергерлерімен сұхбаттасу шаралары өткізілді. Қадірменді қонақтар өз ойларын бөлісіп, тыңдарманға насихат етті. Атап айтсақ, домбыра жасау шебері Ерболат Қанатбай «Домбыра — халықтың жаны, шебердің жүрегі» атты сұхбат, колөнер шебері, ақын әрі емші болған Молдахмет Дүйманов пен ұлы Бейсенбайдың өнегелі өмірі жайлы шебердің қызы Мадина Молдахметқызымен «Қарапайым еңбектің кастерлі жолы: әкелі-балалы Дүймановтар жайлы естелік», Ғани Мұратбаевтың шәкірті Жүндібай Байнабаевтың қызы Бақыт Байнабаев әкесінен естіген Ғани Мұратбаев жайлы естеліктерін бөлісіп, көрермендерге тарихтың тірі куәсіндей әсер сыйлады.

Музей жобасының келесі қонағы, Қазалы қаласының белгілі ағаш шебері Толғанбек Оралов болды. Ол өзінің өнегеге келу жолы, алғашқы

жасаған бұйымдары жайлы, ұлттық колөнердің тәрбиелік мәні мен құндылығы туралы ой қозғайды.

Сондай-ақ Абай ауылының тұрғыны, колөнер шебері, термеші Мәриямкүл Көптілеумен және І қазан — Халықаралық қарттар күніне орай, Қазалы қаласының тұрғыны, еңбек ардагері, термеші Даража Тұрмағанбетқызымен сұхбат жүргізілді. Келушілер музейге экспонаттар сыйға тартып, қордың толығына үлес қосуда. Бұл — ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, өткен мен бүгінді сабақтастырудың жарқын үлгісі.

Ұлттық құндылық — ұлт болашағының берік іргетасы. Жаһандану заманында рухани тамырдан ажырамау, ата дәстүрді ұлықтау — әрбір азаматтың міндеті. «Төрдегі сөз» жобасы арқылы жүзеге асып жатқан игі бастамалар ел игілігі үшін алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.

Ақзира САРМАНТАЙ,  
Ғани Мұратбаев музейінің ғылыми қызметкері

Газетіміздің келесі саны 12 наурыз, бейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboiy.kz/

https://twitter.com/syrboiy

www.instagram.com/syrboiy\_kz

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі — тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары — 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы — 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат — 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика — 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат — 40-11-10 (1034)  
жарнама — 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап — 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар — 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboiy@yandex.kz / www.syrboiy.kz

Таралымы 21097

Тапсырыс №396

Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА